

Біздің баға жетпес
байлығымыз – бабалардан
өсиет боп қалған,
халқымызға қасиет боп
қонған береке-бірлігіміз.
Құнды қазынамыз – тарих
табыстырып, тағдыр
тоғыстырған халқымыз.

Елбасы
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ
ТУҒАНЫНА – 180 ЖЫЛ



ҚАЗАҚША ОЙЛАУ,
ҚАЙДАСЫҢ?

6

РУХАНИЯТ



«СӘБИ БОЛҒЫМ
КЕЛЕДІ...»

7

ЖАҚЫНЫҢА
ЖАНАШЫР БОЛ!



KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

02.11.2021

Түнде:



+1+6 °C

Жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+11+16 °C

Жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
9,14, солтүстік-
шығысында 15-20 м/с

03.10.2021

Түнде:



0+5 °C

Облыстың солтүстігінде
жауын-шашын
(жаңбыр, қар), тұман

Күндіз:



+5+10 °C

Жауын-шашын, таулы
аудандарда қатты
(жаңбыр, қар), тұман



9-14, облыстың
солтүстігінде және
шығысында 15-20,
екпіні 23 м/с

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢІСТІКТЕР КӨРКЕЙТІЛДІ



Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев қаладағы қоғамдық кеңістіктерді
абаттандыру барысын тексерді. Қала басшысы балалардың ойын және спорт аймақтарын
құру, сондай-ақ көлік инфрақұрылымын дамыту жөніндегі жобалардың іске асырылу
барысымен танысты.

2

ХАЛЫҚ САНАҒЫ – 2021

ЖАУАПТЫ СӘТ Санақ аясында нақтылау жұмыстары басталды



Кеше елімізде Халық санағы аясында нақтылау шаралары
басталды. Бұл жұмыс 8 қарашаға дейін жалғаспақ. Халықты
толық есепке алуды және 2021 жылғы халық санағын жүргізу
кезінде деректер сапасының анықтығын тексеруді қамтамасыз
ету тұрғысында бақылау іс-шаралары жүргізіледі.

2

ҚЫСҚА...

- Оңтүстік астананың
«сары аймаққа» өтуіне
байланысты карантин
талаптары жеңілдейді.
- Қазақстанда E-Salyq
Business жаңа мобильді
қосымшасы әзірленді.
- Алматыда үстел
теннисінен дәстүрлі
турнир өтіп жатыр.
- Алдағы 5 жыл ішінде
елімізде бірқатар
сала толық
цифрландырылады.
- Мегаполистегі
Әуезов ауданының
«Алтын бесік»
ықшамауданында
жаңа қоғамдық
кеңістік ашылды.
- Қалада 900 мыңнан
астам адам
вакцинаның екі
компонентін
салдырды.

www.almaty-akshamy.kz





ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ АРТАДЫ



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Қала әкімі Бақытжан Сағынтаев IEC International консалтингтік компаниясының президенті Е.Козырева мен IEC Group-тің Ресей бойынша басқарушы серіктесі П.Чистяковпен кездесті.

Кездесу барысында мегаполистің көлік саясатын жетілдіру, соның ішінде Big Data негізінде жетілдіру бойынша ынтымақтастық перспективаларын талқылады.



САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



Жыл басынан бері
65 аялдама
алаңы жөнделді.



Ағымдағы жылдың
соңына дейін
4113 оқушы
орны құрылады.



Биыл **1000**
видеобақылау камерасы
орнатылды.



Алматыда барлығы
97 workout
алаңы ашылды.



Жыл соңына дейін
285 мыңнан
астам ағаш отырғызылады.



«Бизнестің жол
картасы-2025» аясында
1199 жоба
қаржыландырылды.

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢІСТІКТЕР КӨРКЕЙТІЛДІ



Динара
МҰРАТ

(Басы 1-бетте)

Әуезов ауданының «Алтын бесік» ықшамауданында жаңа қоғамдық кеңістік ашылды. 1991 жылы негізін қаланған ықшамаудан халқы о баста бұл жерге медресе салуды ойлаған екен. Ауыл отыз жылды оңалып, құлпыра түскенімен дінтегендері болмады. Сөйтіп, қанша жыл қаңырап тұрған жерге, Әнет баба көшесі бойына әкімдік студенттік жатақхана салу жоспарлағанда тұрғындар өз өтініштерін білдіреді. Көп ұзамай қала әкімі Бақытжан Са-

ғынтаев халық қалауымен мұнда спорт және ойын алаңдарын салуды тапсырады. «Әкім біздің өтінішімізді жерге тастамай, сөзімізге құлақ асты. Көп ұзамай, міне, қала әкімінің арқасында бізде бірінші рет мынандай алаң салынып отыр. Дүйім жұрттың басын біріктіріп отырған алаң үшін алғысымыз шексіз. Бүкіл ауыл боп тойлап жатқан жайымыз бар», – деді Ербол есімді тұрғын.

5 мың шаршы метрді құрайтын бос аумаққа футбол және баскетбол алаңдары, жүгіру жолдары бар спорт алаңы, балаларға арналған ойын алаңы салынды. Аумақ абаттандырылды, жарық тартылды, қоқыс жәшіктері мен орындықтар орнатылды, бұталар мен ағаштар отырғызылды. Жа-

қын жерде 120 орынды балабақша салу да жоспарланған.

«Осыдан жарты жыл бұрын «Алтын бесік» тұрғындарынан қала әкіміне сұраныс түскен болатын. Қала әкімінің тапсырмасымен еңбектеген баладан қадірлі қарияға дейін бос уақытын тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін орын екі айдың ішінде салынып, қолданысқа беріліп отыр. Келесі жылы осы аумақта балабақша да салынады», – деді Әуезов ауданы әкімінің орынбасары Шархан Шәймерденұлы.

Шаһар басшысы, сондай-ақ «Алтын бесік» ықшамауданындағы Трудовая көшесінде абаттандыру және қоғамдық кеңістік құру барысын көрді. Аумағы 9 мың шаршы метр болатын қараусыз қалған алаң тазартылып, жаттығу алаңы, теннис үстелі, воркаут-аймағы бар спорт алаңы ұйымдастырылды. Сондай-ақ, футбол және баскетбол алаңдары, скейт-алаң, балалар ойын аймағы қарастырылған. Бейнебақылау камерасы орнатылды. Аудан әкімдігінің хабарлауынша, жұмыстар толығымен қараша айының аяғында аяқталатын болады.

Сонымен қатар, «Ақсай-2» ықшамауданындағы саябақта қайта жөндеу жүргізілуде. Қала басшысы мемлекеттік-жекешелік әріптестік аясында салынған №42 мектептің спорт алаңын аралап көрді. Үлкен Алматы өзенінің жағалауы – әл-Фараби даңғылы бойындағы көпірасты кеңістігін абаттандыру жұмыстарын тексерді. Сондай-ақ, Яссауи көшесінен қала шекарасына дейін ұзындығы 4,5 шақырым Төле би көшесін ұзарту жобасы қаралды.



ХАЛЫҚ САНАҒЫ – 2021

ЖАУАПТЫ СӘТ

Санақ аясында нақтылау жұмыстары басталды



Гүлжанат
МАРАТҚЫЗЫ

(Басы 1-бетте)

Бақылау функциясы әрбір тұрғын үйге интервьюер барғанына және санақ парақтарының барлық респонденттерге толтырылғанына көз жеткізуге мүмкіндік береді. Нұсқаушы-бақылаушылар интервьюерлермен бірге халық санағы аяқталғаннан кейін 7 күн ішінде әрбір есеп учаскесіндегі тұрғын жайлардың 10 процентін қамти отырып, респонденттерге бақылап, аралап шығу жүргізеді.

1 қарашадағы жағдай бойынша елде 19 450 179 адам немесе 102,2% (1 тамыздағы жағдай бойынша халық саны 19 029 507-ні құраған) санақпен қамтылды.

Шара аясында елімізде тұрақты тұрып жатқандардан өзге 12 айдан аса уақытқа шет елге ыссапармен шыққандар (шет елдегі дипломатиялық корпус пен ҚР өкілдігінің қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелері), келісім-шарт негізінде бір жылдан кем уақытқа басқа елге кеткен отандастарымыз, өзге мемлекетте «Болашақ» бағдарламасы аясында білім алып жатқан студенттер, уақытша шет елге шыққан туристер, уақытша (12 айдан аз) елімізде жүрген шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар мен босқындар санақтан өтуде. Халық санағын өткізу әдістемесіне сәйкес, сауалнама аяқталған соң нақты және тұрғылықты халық саны бойынша ақпарат алынатын болады. Бұл санақтар нені білдіреді? «Нақты халық» дегеніміз, санақ өткізу кезіндегі белгілі бір елдімекендегі адамдардың санын білдіреді.

Бұл санаққа тұрғылықты тұрғындармен қатар, уақытша келгендер мен резидент емес тұлғалар жатқызылады. Яғни мұнда елдімекенге қонаққа, демалуға, жұмыс бабымен және т.б. мақсатта, сондай-ақ, елде қысқа мерзімде жүрген шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар мен босқындар қамтылады.

«Тұрғылықты халық» деген санақта елдімекенде тұрақты тұрып жүргендермен қатар, уақытша басқа жаққа шығып кеткен азаматтар қамтылады. Олардың қатарына басқа елдімекенге немесе шет елге туыстарына, еңбек демалысына, жұмыс бабымен немесе басқа да себептермен уақытша кеткендер кіреді.

Санақтан онлайн өту мүмкіндігі де 8 қарашаға дейін қолжетімді. Санақ сауалдарына арнайы sanaq.gov.kz сайты, eGov порталы немесе Aitu мобильді қосымшасы арқылы жауап беруге болады. Халық санағының негізгі кезеңі аяқталды. Қарашаның 8-іне дейін санақ өткізу әдістемесіне сәйкес, нақтылау шаралары қарастырылған.



#QAZAQSTAN30

«Тәуелсіздіктің мен үшін маңызы...»

А.ЖАҚАНБАЕВА,
Алматы бөлімшелік көліктегі санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы:



– Тәуелсіз қазақ жері – бұл әдемі және еркін ел. Мемлекеттің саясаты, ең алдымен, еліміздің рухани дамуы мен патриоттық тәрбиеге бағытталған. Бүгінде Қазақстан еркін және тәуелсіз мемлекет болуы үшін ата-бабаларымыз ғасырлар бойы күш салды. Кең байтақ жерімізді жаудан қорғап, ұлт болып қалыптасып ана тілімізде сөйлеуге айрықша үлес қосты. Менің ойымша, Тәуелсіздік – бұл жай ғана мереке емес, ол Қазақстанда тұратын барлық халықтардың еңбекқорлығы мен достығының нәтижесі. Еркіндік – ең басты құндылығымыз. Тәуелсіздікке қантөгіссіз, бейбіт түрде қол жеткеннен кейін елімізді әлемнің өркениетті мемлекеттерінің қатарына қоса алдық. 30 жыл ішінде тәуелсіз Қазақ елін қалыптастырып, нарықтың қиын өткелдерінен аман өткізіп келеміз. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев жаһандық жаңа ахуал жағдайындағы жүрер жолымызды, барар бағдарымызды белгіледі. Халықтық реформалар арқылы жаңа деңгейдегі мемлекетке айналуымызды көздейтін маңызды бастамалар іске асырыла бастады. Соның ішінде медицина саласында да елеулі өзгерістер мен сан алуан жаңашылдықтар енгізілді, медициналық көмек көрсетудің жаңа бастамалары мен әлемдік деңгейде қолданылатын жаңа медициналық құрылғылар пайдаланылуда. Сонымен бірге, медицина қызметкерлерін қолдау алдыңғы қатардағы мәселелердің бірі болып табылады. Әлеуеті бүгінгіден әлдеқайда аз болған заманда да егемендік туын еңкейтпеген қабырғалы халқымыз бұл жеңістен де абыроймен өткеріп бек сенеміз. Тәуелсіз еліміздің әрі қарай өркендеуі және дамуы әрбір Қазақстан Республикасы азаматының ерен еңбегінің жемісі санаймын.

Мөлдір МАЙЛЫБАЕВА,
М.Мәметова атындағы №28 мектеп-лицейдің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі:



– Тәуелсіздік – кез келген адамның, ұлттың, халықтың, елдің еркіндігі. Тәуелсіздік – ең алдымен Қазақ халқының бостандыққа ұмтылған асқақ армандары мен қайсар рухының жемісі деп білеміз. Осынау еркіндігіміздің арқасында ұстаздық қызметті тандап, білім бағытына бет бұрдым. Тәуелсіздіктің 30 жылында «Білім туралы» 3 Заң қабылданыпты. 1992, 1999, 2007 жылдары білім беру жүйесінің құрылымы ЮНЕСКО-ның халықаралық стандарттық құрылымына сәйкестендірілген. Жыл өткен сайын барлық салаға өзгерістер мен толықтырулар енгізілетіні белгілі. Сондықтан да болар, біз үшін Тәуелсіздік – ең қастерлі ұғым. Осынау жылдар ішінде егемен еліміз әлемдік аренада өзіндік орнын таба білді. Қазақстан Республикасы дамыған елдер қатарына еніп, халықаралық қатынасы, тұрғындардың тұрмыс-тіршілігі, экономикалық-әлеуметтік жағдайы оңалды. Бүгінгі күні мұғалімдердің арасында қағазбастылық жойылды. Елдегі эпидемиологиялық жағдайға байланысты оқушыларға барынша жағдай жасалып, білім жүйесі жақсара түсті. Биылдан бастап педагогика саласында оқитын болашақ мұғалімдердің шәкіртақысы 42 мың теңге болды. Нық қадам жасап, келешекте «ұстаз болу – үлкен мәртебе» дейтін күнге жеткелі тұрмыз.

Әзірлеген
Ақтолық ТҰРЛЫҒАЗЫ.

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС



Айжан БҮРКІТБАЕВА

Алматыда Nur Otan партиясының қалалық филиалы төрағасының орынбасары Қ.Бисембаевтың төрағалығымен «Бақытты отбасы» партиялық жобасының Жол картасындағы «Отбасы мен балаларға құқықтық қорғауды қамтамасыз ету» 2.1 тармағының орындалуы бойынша әлеуметтік әл-ауқат, білім, денсаулық сақтау, құқық қорғау органдары және Жедел әрекет ету топтарының қатысуымен Отбасы, әйелдер мәселелері және балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі аймақтық қоғамдық Кеңесінің отырысы өтті. Жиында Жедел әрекет ету топтарының 9 айдағы есебі тыңдалды.

Іс-шара барысында Алматы қаласындағы 8 ауданда құрылған Жедел әрекет ету топтары модераторларының 9 айдағы есебі қаралды. Партияның Алматы қалалық филиалы төрағасының орынбасары Қ.Бисембаев Жедел әрекет ету топтарының жұмы-

ЖЕДЕЛ ӘРЕКЕТ ЕТУ ТОБЫ есеп берді

сын одан әрі күшейту бағытында егжей-тегжейлі түсіндіріп, жұмыстың нәтижесін көтеруге байланысты ұсыныстар айтты.

Сонымен қатар, жедел әрекет ету топтарының мақсатын, міндетін және ұйымдастырылу шараларын толықтай түсіндіріп өтті.

2020 жылдың 26 мамырынан бастап жалпы 8 негізгі жедел әрекет ету топтары мен 102 кіші топтары құрылып, жұмыстарын жүргізуде. Осы топтардың жұмыстарының арқасында зорлық-зомбылыққа тап болған отбасылардың жағдайларын жедел анықтауға және уақытында қажетті көмек көрсетуге мүмкіндік туды.

Сондай-ақ, Отбасы, әйелдер және балалардың құқықтарын қорғау мәселелері жөніндегі Қоғамдық кеңес мүшелері,

жергілікті атқарушы органдар және партияның аудандық филиалдары бірлесіп қаладағы қосымша білім беру мекемелерінің балаларға қолайлы жағдай жасауы бойынша жүргізілген мониторинг жұмыстарының қорытындысы қаралды.

Жиында қала бойынша Білім басқармасына қарасты 18 мемлекеттік қосымша білім беру мекемесі бар, онда қазіргі уақытта 14 899 бала оқиды, оның 925-і халықтың әлеуметтік осал топтарына жатады, бұлар: жетім балалар, мүмкіндігі шектеулі балалар мен аз қамтылғандар екені айтылды. Бұл топтағы барлық оқушылар тегін және жеңілдетілген шарттар бойынша білім алады. Кездесу соңында пікір алмасып, барлық туындаған мәселелер бойынша қатысушыларға түсініктеме-лер берілді, ұсыныстар айтылды.

БІЛІМ

БАРШАҒА ҚОЛЖЕТІМДІ



Рая ЕСКЕНДІР



Елімізде Ұлттық жобалар аясында халыққа IT дағдыларын тегін үйрететін 20 инновациялық мектеп ашылатын болды.

Ашылған мектептер екі жылда жоғары білікті мамандарды даярлап шығатын инновациялық бағдарламалау мектептері деп аталады. Бүгінде елімізде дәл осындай бағыттағы 2 мектеп бар, оның түлектері Қазақстанда отырып-ақ жаһандық Big Tech компанияларымен жұмыс істей береді. Инновациялық мектептердің дамуын ынталандыру үшін Tech Orda бағдарламасы бойынша 20 мың вачер бөлініп, осы арқылы кез келген адам инновациялық бағдарламалау мектебінде тегін оқуға мүмкіндік алады. Сондай-ақ, иннова-

циялық мектептерде тек қана мектеп түлектері мен студенттер ғана емес, IT дағдыларын үйренгісі келген кез келген адамның оқуына болады.

Мемлекет басшысының биылғы Жолдауы аясында «Цифрландыру, ғылым және инновациялар есебінен технологиялық серпіліс» атты ұлттық жоба әзірленіп, бекітілді. Аталмыш Ұлттық жоба 10 бағыттан, 226 тапсырмалардан, 44 көрсеткіштен және 211 іс-шарадан тұрады. Сәтін салса, бұл жобаларды іске асыру 2025 жылға дейін жоспарланып отыр.

Сонымен қатар, Ұлттық жоба аясында халыққа қызмет көрсету орталықтары да цифрлық және видеоқызметтерін іске қосатын болады. Тағы бір жақсы жаңалық – Қазақстанның барлық балаларының информатика және бағдарламалау бойынша сапалы білім алуы үшін «Виртуалды информатика мұғалімі» жобасы іске асырылмақ.

ЖАСЫЛ АЛМАТЫ



Ақтолық ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ

Тәуелсіздіктің 30 жылдығы аясында 30 игі іс атқарылмақ. Мерейлі мерекеге орай Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының бастамасымен түрлі бағытта қоғамдық жұмыстар іске асып жатыр. Осындай іс-шараның бірі Алматыда өтті. Қаладағы мешіт имамдары мен жамағат өкілдері ағаш отырғызды.

Қоғамдық шара аясында қаладағы Мырзахмет мешіті жанына аялдама қойылды. Автобус бекеті Жетісу ауданы тұрғындарының өтінішіне сәйкес, Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының ұйытқы болуымен орнатылды. «Жамағаттың, тұрғындардың ықыласы ерекше. Алғыс айтып жатыр. Өйткені, мешіттің алдынан түсіп қалып, мешітке ыңғайлы жетуі, осы жерден автобустарды күтуі, мешіт алдынан аспалы көпірдің орнатылуы тұрғындар үшін үлкен қолдау болып отыр», – дейді қаланың бас имамы Төлебі Оспан. Сондай-ақ, имамдар мешіт айналасына жағалай көшет отырғызуға көшті. Ағаш егу мен көше бойын абаттандыру жұмыстары қашанда пайдасын тигізбесе, зиян келтірмейді. Өйткені, жасыл желек қалаға сая болады. Мегаполистің құбылмалы ауа райы мен ызғырлық желіне бөгет болатын берік қорған дейді имамдар.

ЖАСТАР САЯСАТЫ

ЖАТАҚХАНА БОЙ КӨТЕРДІ



Нұржамал ӘЛІШЕВА

Алматыда ғана емес, еліміз бойынша студенттерге арналған жатақхана мәселесінің күн тәртібінде тұрған басты тақырыптың бірі екені жасырын емес. Жалпы, еліміздегі университеттердің 41-і мегаполисте орналасқан.

Жуырда мегаполисте орналасқан Д.Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясының студенттеріне арналған екінші оқу корпусымен бірге жаңа жатақхана пайдалануға берілді. Жобаның құны 2 млрд. теңгені құрады. Ғимараттың жалпы алаңы – 12 мың шаршы метр. Инвестициялық жоба Алматы қаласы Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасының көмегімен үш жылдың ішінде жүзеге асырылды.

«Студенттер үшін жатақхана салу, жастарға жағдай жасау керек деген Елбасының тапсырмасы бар. Біз бұл үндеуге қосылдық. Екінші ғимарат құрылысын салу керек болды және біз қасынан 100 орынға



арналған жатақхана салуға жер бөлдiк. Асуймен, жуынатын бөлмемен, тұрмыстық үй-жайлармен жарақтандырылған 2, 3, 4 орынды бөлмелер бар. Жатақханада тұру ақысы айына – 40 мың теңге. Қазір студенттер, әсіресе батыс өңірлерінен келген студенттер тарапынан жатақханаға деген сұраныс пен қажеттілік өте көп. Бір сөзбен айтқанда, бізде 140 орынға арналған тағы бір жатақхана бар. Және қала маңында жер бар, онда үшінші жатақхана құрылысын салуды жоспарлап отырмыз», – дейді Д.Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясының ректоры Өмірәлі Жалайыр.

Елбасы ұсынған «5 әлеуметтік бастаманың» бір бағыты – студент-жастардың тұрмыс жағдайын жақсарту болатын. Осы жоба шеңберінде 2022 жылдың соңына дейін студенттерге арнап кемінде 75 мың орынды жатақханалар салынбақ.

ЖАМАҒАТ АҒАШ ОТЫРҒЫЗДЫ



«Атадан мал қалғанша, тал қалсын» деген ұрпақпыз. Қалалық мешіт имамдары мен жалпы жамағат жастарға діни сауат үйретуден бөлек, осындай қоғамдық жұмыстарда да белсенді. Бүгінгі отырғызылған көшеттер ертең саялы бөйтерекке айналады деген сенім бар. Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасы биыл республика бойынша 30 мың түп ағаш егу жұмысын қолға алған. Оның 800 данасы мегаполиске тиесілі. Жасыл желектің ішінде қарағай, жиде, алма ағаштары да бар. «Алла Тағала біздің қасиетті кітабы-

мызда «Жақсы, сауапты істерде бір-бірімен жарысыңдар, жақсылыққа ұмтылыңдар» деген. Сондықтан мешіт жамағаты, имамдар бірігіп, ұйымдасып жұмыс істеп жатырмыз. Алла баршамызға жәрдем берсін», – дейді Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасы төрағасының орынбасары Кенжәлі қажы Қоңыратбайұлы.

Шара соңында жиналған қауым қазақы дәстүр бойынша үлкендерден бата алды. Қоғамдық жұмыстар мен қайырымдылық шараларын алдағы уақытта да жалғастыратынын айтты.



ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Қазір бүкіл дүние жүзі толқып тұр. Әлемді жайлаған індет пен жаһандық дағдарыс қауіп сейілер емес. Дамыған елдердің өзінде де экономикалық қиыншылықтар туындап, қарыздары өсіп, әлеуметтік шығыстарын азайтуда. Сондықтан бізге дәл қазіргі жағдайда ішкі тұрақтылық пен татулық, өзара түсіністік өте маңызды. Біз барлық сынақтарды тек халықтың бірлігі арқылы ғана жеңе аламыз. Қазақстанда тыныштық пен бейбітшілікті сақтау – әрбір азаматтың парызы. Ұлттық бірлік, қоғамдағы келісім Қазақстан халқына экономикалық, әлеуметтік өрлеу, демократиялық мемлекетті құру жолында жаңа белеске көтерілуге мүмкіндік береді.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ

ҰЛАРАЛЫҚ ТАТУЛЫҚ – ТЫНЫШТЫҚ КЕПІЛІ



Серік
ЖҰМАБАЕВ

Бірлік – баға жетпес басты байлығымыз. Осы ұғым біздің мызғымас мемлекетіміздің тұтастығына тірек болады. Бірліктің берекелі бесігіне айналған Қазақстан жасай берсін десек, түрлі ұлттарды ұйыстырып, ұлысты ұғыстыра білген еліміз өркендей берсін десек, тұғырымыз – тыныштық, тірегіміз – тұрақтылық, тілегіміз – татулық болуы керек.

Әйтпесе, қазір этникалық, нәсілдік бөлініске ұшырап, тілдік, діни белгілер бойынша ашық қарсылыққа келіп, жанжалдасып жатқан мемлекеттерді әлемнің әр аймақтарынан көптеп кездестіруге болады. Осыған байланысты Қазақстан тұрақтылығы үшін зорлық-зомбылыққа, этносаралық және конфессияаралық арандатушылыққа, лаңкестікке жол бермеу маңызды фактор болып табылады.

Қазақстандықтардың абсолютті басым бөлігінің этносаралық, мәдениетаралық тұрақтылықты, келісім мен интеграцияны қолдайтынына қарамастан оған іріткі салғысы келетіндер, деструктивті элементтер де әркез көрініс беріп тұратыны белгілі жағдай. Бұл мәселеде, ең алдымен, Қазақстанның елдегі келісімді сақтау бағытындағы айқын ұстанымын тілге тиек ете кеткен жөн шығар. Республикамыздың суверинитеті айқындалып жатқан кезеңде-ақ Қазақстанды моноэтникалық емес, яғни нәсіліне, этникалық тегіне, тіліне, діни көзқарасына қатысты дискриминация орын алмайтын көпұлтты мемлекет негізінде құрылымдау мәселесі лайықты ескерілген болатын.

Қазақстан Конституциясы елдегі азаматтардың ұлтына, нәсіліне қарамастан, барлығына бірдей мүмкіндіктер мен құқық беретінін айта кету қажет. Әркім өзіне тән этномәдени мүддесін қорғауда тең құқыққа ие екендігіне конституциялық жолмен кепілдік беріледі. Сонымен қатар, Қазақстанда тарихи-мәдени мұраларды қалыптастыруға, елімізді мекен еткен халықтардың мәдениетін сақтауға, дамытуға және жандандыруға мемлекет тарапынан айтарлықтай іс-шаралар атқарылып жатыр. Қазақстанда шығыстық және батыстық, мұсылмандық және христиандық, түркілік және славяндық және басқа да типтегі мәдениет өкілдері бар. Ал әрбір ұлттық мәдениет – адамзаттың рухани құндылықтарындағы бағалы байлық болып саналады.

Мәселен Қазақстан халқы Ассамблеясы – елдегі этника-аралық мүдделерді тоғыстырудың жолын іздеуден туындаған құрылым болып табылады. Ол азаматтық қоғам мен ұлттық саясатты өркендетті түрде жүргізудегі әлемде теңдесі жоқ инструментке айналғанын өмірдің өзі көрсетіп отыр. Оның үстіне, бірқатар саяси реформалардан кейін Қазақстан халқы Ассамблеясының функционалдық қызметі кеңейіп, ел Парламентіне әсер ету механизмдері оның әкімшілік статусын арттырды. Бүгінде ҚХА 820 этномәдени бірлестіктің ықпалдастығын жүзеге асырып отыр. Елімізде әрбір

этникалық топтың өз ұлттық-мәдени орталықтары бар. Олар түрлі тілдердің, мәдениеттердің, дәстүрлердің дамуына септігін тигізуде. Ал мемлекет сол орталықтардың түрлі бастамалары мен ұсыныстарына толық қолдау көрсетіп отыр. Еліміздегі этностардың арасындағы келісім – қоғамдық лидерлердің, саяси партиялардың, қоғамдық бірлестіктердің, оқу орындарының көпжылдық еңбегінің жемісі болып табылады.

Жер бетінде ғұмыр кешіп жатқан қандай халықтың да өз ана тілі, ділі, салт-дәстүрі, ұстанымы болады және ол сол халықтың бойында сақталуы тиіс. Егер кімде-кім әр халықтың бойындағы сол ұлттық ерекшелігін жойып, табиғи тепе-теңдікті бұзуға қасақана әрекет жасар болса, оның салдары ұлттың жоғалуына алып келеді. Тіпті, жер бетінде үлкен қақтығыстар орын алып, қантөгістер болуы әбден мүмкін. Ал біздің көксегеніміз, жалпы адамзат баласының тілегі де, мақсаты да тек тыныштық. Біздің мақсат – ұлтаралық татулықты сақтап, аңсап, талып қолымызды жеткізген тәуелсіздігімізге сызат түсіріп алмау. Бүгінде Мемлекет басшысы да бұл мәселеге аса мән беріп отыр. Елімізде мекен еткен әрбір ұлтқа тиісті дәрежеде жағдай жасалуда. Олардың ана тілін жетілдіріп, салт-дәстүрлерін жаңғыртуға, мәдениеті мен әдебиетін дамытуға қамқорлық көрсетіліп келеді. Міне, осындай саликалы саясаттың арқасында елімізде күні бүгінге дейін қаншама ұлттар мен ұлыстар өзара ынтымағы, бірлігі жарасып, тату-тәтті ғұмыр кешіп келе жатыр. Тек енді біз осы бағытымыздан адасып қалмауымыз керек.

Сондай-ақ, мемлекеттің бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтап қалу жөніндегі этносаясаты, этностар арасындағы төзімділік пен әріптестік механизмдері мен элементтері елдегі діни мәселеде де қолданылуы керек. Шағын орналасқан этникалық топтардың әлеуметтік-тұрмыстық, экономикалық, аймақтық саясаты негізгі болып табылады. Дегенмен, әлемдегі діндер мен конфессиялардың беделді басшыларының өз тәжірибелеріне сүйене отырып айтқан пікірлеріне назар аударсақ, бұл мәселеде интеллектуалды, әлеуметтік-экономикалық саясат аздық етеді. Көп жағдайда халықтың, этникалық топтардың діни көзқарасын лайықты деңгейде ескермеу, бағаламау діннің маңызын түсіріп, бейбітшілік құндылықтарына, өзара сыйластық пен төзімділікке салдарын тигізеді.

Жалпы айтқанда, Тәуелсіз мемлекетіміз өзінің ұлттық саясатын әрі қарай да жалғастыра беруге, этносаралық қарым-қатынастар жүйесін жетілдіре беруге тиіс. Бұл – мемлекеттік органдармен қатар қоғамдық бірлестіктерге де қатысты қажеттілік. Дегенмен, біз этносаралық қатынастарды тиімді реттеудің қазақстандық моделінің негізі қаланды және ол Қазақстан Республикасының орнықты дамуы үшін жағымды әсер беріп жатыр деп сенімді түрде айта аламыз.

СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

Арман БЕЙСЕНОВ,
қала тұрғыны:

Татулықтан асқан құндылық жоқ

Бейбітшілік пен қауіпсіздіктің орнауына достық ниеттің тигізер үлесі орасан. Ол толеранттылық, төзімділік, өзгені құрметтеу сияқты құндылықтардан пайда болады. Бұл – БҰҰ-ның да, Қазақстан халқының да принциптері. Мен Елбасы мен Мемлекет басшысының Ассамблеяға қатысты бастамаларын әрқашан құптаймын. Әлемде көп мемлекет этникалық топтарға бөлініп кеткен. Ұлтаралық келіспеушіліктердің салдарынан әлемдегі көптеген елдердің дамуы кенжелеп қалды. Меніңше, Қазақстан жақсы үлгі көрсетіп отыр.

Қазақстан – адам құқығы және ашылықтың құқығы жөніндегі бірқатар келісімдерге қол қойған ел. Бұл – әлемнің көптеген елдері іске асыруы тиіс тамаша идеялар. Қазақстанда 130-ға жуық әртүрлі ұлттың өкілдері бар. Мемлекет әкімшілігі осы ашылықтардың құқығын қорғау жөнінде, олардың тілі мен мәдениетін, дәстүрін қорғау ісінде түрлі шараларды белсенді ұйымдастырып жатыр. Этносаралық толеранттылықтың жақсы үлгісін көрсетіп жатқандықтан, көп мемлекет Қазақстаннан үлгі алу керек. Себебі, татулықтан асқан құндылық жоқ.

Ерлан МАХАМБЕТОВ,
заңгер:

Ел бірлігі – ең асыл қасиет

Қазіргі кезде адамзат қауымдастығына адамның өзі қауіп төндіріп отыр. Ғылыми ашылуларға, тың жаңалықтарға қамқорлықтан, бір-бірін түсіну, сыйластыққа, қарым-қатынас мәселесінде кезегеміз кері тартады. Махаббат, достық, қуаныш – адамның ажырамас құндылығы. Қазақстан – ұлтаралық татулық пен тұрақтылықты үйлестірген мемлекет.

Ел бірлігі – ең асыл қасиет. Тарихтың бізді көп ұлтты еткеніне біздің кінәміз жоқ. Біздің елге келген басқа ұлттардың да еш кінәсі жоқ. Ресейдің бодандығы кезінде бізді жанишыған деп біз басқаларды жанишысақ, онда біздің ақылымыз қайда? Тарихтан тәлім алғанымыз қайда? Көп ұлттың басын біріктіргеніміз үшін бізді дүние жүзі сыйлайды. Ұлтаралық татулықтың жоқтығынан әлемде қанша қан төгіліп жатыр. Бізде, Аллаға шүкір, ондай жоқ. Өз бірлігімізді, көп ұлтты халықтың бірлігін, ішкі-сыртқы тыныштықты сақтайтын болсақ, әлі талай жетістіктерге жететін боламыз.

ОТАНДЫҚ ӨНІМ

Біздікі шет елден кем емес

Алматы тұрғыны Дәурен Нығметмыңжани жүк көліктеріне арналған ауа сүзгілерін жасау үшін 20 млн. теңге көлемінде жеңілдетілген несие алды. Қаражат «Almaty Business–2025» мемлекеттік бағдарламасы аясында бөлінген.



Нұржамал
ӘЛШЕВА

– Мен үш жылға жылдық 6%-бен несие алдым, соған орай 6 айға «салықтық демалыс» беруді өтіндім. Бұл өз кәсібімді ашамын деген тәуекелшіл жандарға мемлекет тарапынан көрсетіліп отырған өте үлкен қолдау деп санаймын. Ойына алған істі жүзеге асыру бастапқы кезеңде кім-кімге де оңайға тимейді. Осы орайда «Qolday» кәсіпкерлік орталығының маған берген тегін кәсіпкерлік кеңес-

теріне, бизнес-жоспар әзірлеуіме көмектесіп, жеңілдетілген несиеге қол жеткізгеніме дейін бірге жүріп риясыз қолдау көрсеткен қызметкерлеріне алғысымды білдіремін, – дейді Дәурен Нығметмыңжани.

«Жүк көліктеріне арналған ауа сүзгілері жасалатын қажетті шикізат – мырышталған тор мен қа- газға арналған ме-

талл бумасын өзіміздің елден сатып алыпты. Бүгінгі нарықта мұндай шикізаттың ресейлік және қытайлық түрлері бар, бірақ олардың бағасы аса қымбат. Ал отандық шикізат-

тардың сапасы олардан кем емес», – дейді Дәурен.

– Біздің өнім Алматы, Ақтау, Тараз, Өскеменде үлкен сұранысқа ие. Қазір біз қытайлық «Ново» жүк көліктеріне арналған ауа сүзгілерін жасап жатырмыз. Болашақта жеңіл автокөліктерге арналған сүзгілерді шығаруды жоспарлап отырмыз, – дейді ол.

Өзірге Қазақстанда оның қолға алған саласы бойынша бәсекелестер жоқ. Дәуреннің цехы айына 1500 дана өнім өндіреді, 7 адамды жұмыспен қамтып отыр.



АЛҒЫС

Ардагерлеріміз осал емес

Біздің халқымыз намысын қолдан бермеген өжет халық қой. Соның бір айғағын біздің Алатау ауданы ардагерлерінен де байқауға болады. Ауданымыздың ардагерлері 2012 жылдан бері қаладағы 8 ауданның ішінде көркемөнер мен спартакиадалық жарыстарда бірінші орынды бермей келеді. Ауданда, негізінен, жергілікті ұлт өкілдері тұратындығы белгілі, жарыстарда басқаларға дес бермей жататыны да осыдан деп ойлаймын.

Кешегі өткен Қарттар айлығында аудан ардагерлері арасында түрлі жарыстар ұйымдастырылды. №26 ЖББМ өткен тоғызқұмалақтан жарыста ерлер арасынан 1-орынды Қуанышбай Сыдықов, 2-орынды Мұхтарбек Күнтішев, 3-орынды Қуаныш Досжанов алды. Ал әжелер арасында 1-орын Тұрсынхан Токтасыноваға, 2-орын Тұрахан Сәрсенбаеваға, 3-орын Альфия Нысановаға тиесілі болды. Жеңіл атлети-

кадан 1-орынды «Шаңырақ-2», 2-орынды «Әйгерім», 3-орынды «14 аймақ» ықшамаудандары алды, ал көркемөнерден 1-орынға «Әйгерім», 2-орынға «Зерделі», 3-орынға «Шаңырақ-2» және «Өжет» ықшамаудандарының ардагерлері ие болды.

Жарыстың өтуіне көп көмектескен мектеп директоры Ғалия Сейіташметоваға ардагерлер атынан ризашылығымызды білдіреміз. Бұл орайда еліміздің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыруда түрлі іс-шаралар ұйымдастырып жүрген Алатау аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Құдайберген Қабдолдин мен оның орынбасары Таубалды Сағатұлла ақсақалдардың еңбектері ұшан-теңіз.

М.ҚОБЛАНОВ,
«Шаңырақ-2»
ықшамауданы Ардагерлер
кеңесінің төрағасы.



Қоғамдық көлік басқармасынан «Шұғыла сити», «Алма сити», «Премьера» тұрғын үй кешендерінің тұрғындары №118 және №137 бағыттағы автобустардың кестесі мен саны мәселесін шешуді сұрайды.

АВТОБУС САНЫ КӨБЕЙСЕ...

жатыр. Барлығымыз уақытында үйімізге жеткіміз келеді. Сондықтан осындай қарбалас сәттерде автобустар жиірек жүруге тиіс деп ойлаймыз, – дейді тұрғындар атынан хабарласқан Мағрипа есімді оқырман.

Тұрғындардың өтінішіне орай, «Алматыэлектротранс» ЖШС коммуналдық автобус паркі Алматыға жаңа автобустар сатып алынып жатқанын айтты. Сонымен қатар, «Автобустардың жеткізілуіне қарай Алматы қалалық мобильділік басқармасымен бірлесіп №137-ші маршруттағы автобустың санын арттыруды және жаңа маршруттар қосу мәселесін қарайтын боламыз» деп жауап берді.



АЙЫППҰЛ САЛЫНСЫН!

Қалаға кейіннен қосылған шеткі аудандар орталықтандырылған кәріз жүйесіне қосылмаған. Сол себепті, тұрғындар үй жанынан қазылған септиктерді пайдаланады. Олар толған кезде арнайы ассенизатор көлігін шақырады. Мұндай қызметті атқарушылар үшін қала шетінде лас суларды төгетін арнайы орындар бар. Онда жиналған қалдық су биологиялық тазарту станциясына жіберіледі. Алайда, ассенизатор көліктерінің жүргізушілері бұл талапты құлақтарына ілер емес.

Мына суретте көріп отырсыздар, көлік қожайыны Жанқожа батыр көшесінің төменгі жағындағы орталықтандырылған кәріз жүйесінің құдығына нәжіс төгіп тұр. Айналасына төгілген нәжістің иісі ауаға жайылған соң тыныстау да мүмкін емес. Канализация бөлетін газ құрамында сутегі сульфиді, аммиак, көмірқышқыл газы сияқты улы заттар болуы мүмкін. Мұндай өткір иістен адамның тыныс алу мүшелерінде созылмалы ауру пайда болуы да ғажап емес. Жүргі-

зушінің бұл әрекеті ешбір заң шеңберіне сыймайды. Өзіңіз ойлай беріңіз, әр үйде септик бар. Олардан алынған нәжіс суларын ассенизатор көліктер диттеген жеріне жеткізбей жатып, кез келген сайға, өзенге, кәріз құдығына осылай төгіп кете беретін болса, қалада тазалық болуы мүмкін бе?! Біз Ала-тау ауданының тұрғындары нәжіс суларын кез келген жерге төгетін көлік жүргізушілеріне айыппұл салуды талап етеміз. Өйткені, бұл бүкіл бір ауыл халқының денсаулығына кері әсерін тигізеді.

Алатау ауданының тұрғындары орталық кәріз қызметін пайдалана алмай жүрген соң осы күнге дейін ассенизатор көлігін шақырып амалдап келеді. Қазір «Шетсіз қала» бағдарламасы аясында көптеген шаруалар атқарылып жатыр. Шаһардың шет аймақтарын дамытуды қолға алып жатқан тұста осындай түйткілді мәселелер ұмыт қалмаса екен дейміз. Алатаулық тұрғындардың жанайқайын жауапты мамандар мен тиісті мекеме өкілдері ескерусіз қалдырмайды деп сенеміз.

ФОТОАЙҒАҚ

Бастауын Алатаудан алып, ару қала Алматыны қақ жарып ағатын Есентай өзенінің бойы қазір аянышты күйге түсіп отыр. Аталмыш өзеннің Абай даңғылы мен Сәтбаев көшесінің арасы соңғы үш жылда тазаланбай, өзен аңғарын шөп басып, жиналған топырақ пен құмнан қоқыс аралдары пайда болды.

Кезінде Есентай өзенінің жағалауы тамаша болып тұрушы еді. Өзеннің екі жақ сағасын қосып есептегенде 4 шақырымға (20 мың текше) табиғи тастар (габион) темір торға салынып, өріліп көмкерілген. Өзеннің арғы-бергі бетіне еркін өтетін плотинадан бір, жоғарыдан екі көпір салынып, едені төселіп, жақтауы ағашпен қапталған. Бұрынғы шағын тоған кеңейтіліп, жан-жағы цементтеліп, сырланды. Сағаны бойлай өскен бұрынғы ағаштар түгелімен алынып, орнына жас талдар отырғызылды. Көкөрай шалғын шөп егіліп, жап-жасыл алаңқайға айналған.

Ал осының қазіргі көрінісі мәз болмай тұр. Өзен аңғарларына кейбіреулер қоқыс тастап кететін болыпты. Бұл күні Есентай өзенінің төменгі сағасы борсып жатыр. Өйткені, келіп-кеткеннің барлығы қолдағы керексіз затын шімірікпестен тастап кететін көрінеді. Өкінішке қарай, 2 миллион тұрғыны бар қаланың орталығы қазір осындай болып жатыр. Оған мына төмендегі суреттер дәлел бола алады.

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК

ӨТІНІШ ЖЕРДЕ ҚАЛМАДЫ

Алматылық Айнұр Беккызы біздің басылым арқылы қаланың қоғамдық көлік қызметкерлеріне алғысын білдіруді жөн санап, редакциямызға хабарласты.

«Біз қалаға іргелес орналасқан Бесағаш ауылында тұрамыз. Соған қарамастан балаларым Алматыдағы №147 гимназияда оқиды. Бірде 5-сыныпта оқитын қызым Айша дене шынықтыру сабағында киетін аяккімім №54 автобустың салонында қалдырып кетіпті. Райымбек даңғылы мен Абылай хан даңғылының қиылысында автобуска мініп, ауылға келгенде аялдамадан түсіп қалған. Өбден үйге келгенде аяккімімнің жоқ екенін білген соң бірден №54 автобустың қандай тасымалдаушы компанияға қарайтынын



анықтап, диспетчерлік қызметіне хабарластық. «АвтоАлмаТранс» ЖШС қызметкерлері телефон арқылы айтқан өтінішімізді тыңдап, бірден әрекетке көшті. 15–20 минут ішінде автопаркнің диспетчерлік қызметі оқушының қай мемле-

кеттік нөмірдегі қоғамдық көлікке затын тастағанын тауып, өзімізге қайта хабарласты. Автобус жүргізушісінің телефон нөмірін беріп, сол кісіден жоғалтқан затымызды алып кетуімізге болатынын айтты. Ержан атты жүргізушіге хабарластып, аяккімімізді алып қайттық. Қарапайым жолаушылардың өтінішін жерге тастамай, жасаған игілікті істері үшін №54 автобустың жүргізушісіне, «АвтоАлмаТранс» ЖШС ұжымына алғыс айтамыз», – дейді оқырман.

Әдетте қала тұрғындарының қоғамдық көліктерге көңілі толмай, шағымданып жататыны бар. Бірақ қай салада да өз ісіне адал, айналасына жақсылық жасағысы кеп тұратын адамдар бар, біз тек соны аңғара білсек болғаны.

«ЗЕБРА» СЫЗЫҒЫ ЖҮРГІЗІЛДІ

Сәуір айында «Томирис» ықшамауданының тұрғындары редакцияға қоңырау шалып: «Біз орталыққа бару үшін үлкен жолға шығамыз. Бірақ ол жерде жол қауіпсіздігін реттеп тұратын бағдаршам жоқ. Сол себепті, қауіпті. Сондықтан осы маңға жаяу жүргіншілерге арналған жол белгілері мен тротуар қажет», – деген еді. Тұрғындар өтініші «Ақшам» арқылы айтамыз» айдарына жарияланғаннан кейін

араға біраз уақыт салып, аудан әкімдігі аталған мекенжайға «зебра» сызығын жүргізіп беріпті. Содан бері көлік тізгініндегілер де қауіпсіздік шараларын сақтайтын болған. «Жолдаған хатың оқылып, айтқан өтінішің орындалып жатса, қандай ғанибет! Біздің өтінішімізге құлақ асып, халықпен кері байланыс орната білген аудан басшыларына алғыс білдіреміз», – дейді алатаулық тұрғындар.



Англиялықтар жаяу жүргіншілер өтетін жолдың атауын аттас жануармен ұқсастығы үшін «зебра» деп атаған. Мұндай жолақтар алғаш 1949 жылы Великобританияда пайда болыпты. Бір мезетте 1000 жерде сызылған жолдар жол қауіпсіздігін сақтауда маңызы зор. Ғалымдардың айтуынша, жолақтар адамның көзі ақ және қара жолақтарды дабыл қоздырып деп қабылдайды. Сол себепті, жүргізушілер жүргіншілер өтетін жерде жылдамдықтарын төмендетуі түйсікпен байланысты екенін байқаған.



Дайындағандар
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ,
Серік ЖҰМАБАЕВ.



ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ТУҒАНЫНА – 180 ЖЫЛ

**Ғарифолла ЕСІМ,
ҚР ҰҒА академигі,
Мемлекеттік сыйлықтың иегері,
абайтанушы, қоғам қайраткері,
жазушы, профессор**

Ұстаз Ыбырай: «Қазақ халқы азбаған, табиғаты таза халық» деген «Қырғыз хрестоматиясы» оқулық кітабында. Осы ойды кейінірек Ахмет Байтұрсынов та 1913 жылы қайталаған.

Азбаған халықтың өз ойлау жүйесі, төл ойы бар. Оны қазақша ойлау делік.

Бірде қазақша, жаңаша, инновациялық ойлау туралы жұртшылық алдында баяндама жасадым.

Күндер өткен соң кафедра мәжілісінде аты әйгілі академик А.Ж.:

– Ғарифолла, сен энеукүні қазақша ойлау деп баяндама жасадың. Қазақша ойлау деген жоқ. Олай айтпа, ұят болады, – деді. Мен немісше ойлау бар ма деп едім, ол бірден:

– Иә, иә, немісше ойлау бар, – деді. Мен де қалыспай, ойшыл Абай қай тілде ойлаған дедім. Сұрағым жауапсыз қалды, ол кісі теріс айналып кетті.

Кеңес заманының академигі не десе, о десін, азбаған халықтың өз ойы, ойлау жүйесі болған. Жыраулар, шешендер, билер, ақындар ойсыз болған ба?

Қазақша ойдың тағдыры ұстаз Ыбырай (Алтынсарин) заманында мәселеге айналған. Ол азбаған халыққа өзінің өсіп-өнген ойлау кеңістігінде білім мен тәрбие беруді мақсат еткен.

Ол осал шаруа емес, себебі қазаққа бөгде ойлау кеңістігін әкелген – Ресей әкімшілік жүйесі бар. Бұл жағдайды Абайға дейінгі данышпан ақын Дулат: «Орысша деген атыңнан, теріс жазған хатыңнан» деп қысқа қайырған.

Орысша ойлау жүйесі басқа, ол халықтың діні, тұрмысы, дәстүрі, өмір сүру қалпы өзге, жазуы теріс.

Дулат ақын айтқандай, оңнан солға айналып кеттік. Бір сөзбен айтқанда, теріс бағытқа түстік. Бұрын оң аяғымыз қасиетті еді, енді сол аяқ «қасиетке» ие бола бастады. Дәстүріміздегі «оң жақ» деген түсінік енді жойылмақ.

Ұстаз Ыбырай қиналды. Азбаған халықты, енді алдағы уақытта қалайша аздырмай сақтап қалу керек.

Ұстаз Ыбырай басты мәселеге назар ау-

дарды. Ол **тұлға** тәрбиелеп өсіріп, жетілдіріп, оны білім нәріне сусында-тып кемелдендіру.

Бұл – ол кезде түбірімен шешілмейтін іс еді. Ол үшін халық еркіндігі, тәуелсіздігі қажет.

Халық болса бодандықта, рухани құлдықта. Шоқан Уәлиханов қазақ халқының саяси бірлігі мүмкін болмауы үшін отаршыл Ресей қазақтарды губерния-губернияларға бөліп тастаған деген еді. Қазақ елінің рухани тұтастығын мүмкін етпеу, бөліп-бөліп билеу деген зұлымдық саясат күшіне енген.

Ұстаз Ыбырайдың алдында ойлау-дың екі түрі тұрды. Бірінші, азбаған халықтың төл қазақша ойлауы.

Екіншісі, билеуші халықтың, орысша ойлауы. Мысалға, Сәбит Асқаров деген кісі аты-жөнін алайын. Айталық, *Сәбит мырза* десек, бұл қазақша ойлау. Мырзаның орысшасы «господин», бірақ сіз орыс тілінде господин Сәбит дей алмайсыз, дұрысы *господин Асқаров*. Байқайсыз ба, біз «мырза» деп кісіні (тұлғаны) айтамыз, орысша мырза деген фамилияға кетеді. Содан, қазір мынандай жазу дәстүрі қалыптасқан С.Асқаров. Кісінің есімі инициалға айналып кеткен, яғни Тұлға жоқ, фамилия бар. Құрмет фамилияға кісіге (Тұлғаға) емес. Біз көбінесе Абай дейміз, орыстар Пушкин дейді, Александр демеиді. Оларда Пушкиннің аты-жөні инициал А.С. (Александр Сергеевич).

Күні бүгінгі атымызды толық жазбай инициалды қойып жүргеніміз, сол теріс бағытқа кеткеннен болған шаруа. Бұл сәл нәрсе емес. Ойлауға түскен вирус. Ол бүкіл ойлауымызды дерт етті. Енді мағына өзгеріске түсті. Төл емес, бөгде ойлау басталмақ. Ол әдетке айналып, тұрақтанбақ. Ол халықтың азуына мүмкіндіктер туғызбақ. Құндылық адамның есімі емес, оның тегі (фамилиясы) бола бастады. Фамилиямыздағы «*ов*», «*ова*», «*ин*», «*ина*»-лардан құтыла алмай жүргеніміз сондықтан. Адамның тұлғалық қасиетіне сын түсті. Жеке адамға мырза деудің орнына, оның әкесінің есімін қоса атау дәстүрге енді, *айталық Сәбит Асқарұлы*. *Сәбит мырза*, *Сәбе*, *ата*, *аға* демеіміз.



Алдағы кезде осы орысшадан қалай, қашан арылмақпыз?!

Супермаркетке тауар алуға барсаң, сізге сатушы орысша тәрбиеленген қыз бала «Вы мужчина», «Вы женщина» дейді. Қазақшасы «Сіз еркек», «Сіз әйел». Анайы емес пе?!

Мәселе, адамды «Тұлға» деп қабылдауда не қабылдамауда. Қазақша ойлауда Тұлғаға құрмет, орысша ойлауда басқаша.

Санамызға сіңіп кеткен теріс ойлау. Азбаған халықты бұзудың бір тәсілі. Біз ойланбай түсіп кеттік. Ұстаз Ыбырай Тұлға тәрбиелеу жағында болған. Азан шақырылып қойған қазақтың есімі – азамат есімі, оның тұлғалық болмысы.

Қазақша ойлау әзірше тасада. Үс-темдікте орысша ойлау. *Әлі де Сәбит Асқаров Асқарович* дейміз. Неге? Орысша ойлаймыз. Мені кейбір ресми органдар құттықтаулар жібергенде Ғарифолла

Есімұлы – дейді. Мағынасы орысша. Дұрысы, атам заманнан келе жатқан дәстүр – *еке*, сонда құрметті Ғареке немесе Ғарифолла мырза деп аталмақ. Бұл қазақша мәні де мағынасы да. Ал Сәбит Асқаров Асқарович. Бәрі орысша. Неге бұлай деп сұрасам:

– Осылай ресми қалыптасқан, – деді.

Бұл орысша тәртіп қай заманда қалыптасқан? Енді оны түзетуге болмас па екен, біреулер болмайды дейді, себебі орысша ойлау әдетке әбден сіңіп кеткен, ол тез арада шыға қоймас.

Біз «Абай» дейміз, орыстар «Пушкин» дейді. Біз ой екінін кісі атына түсірсек, олар фамилияға түсірді. Екі түрлі ойлау. Содан инициал қою басталған. А.С.Пушкин, А.Құнанбаев. Қазақша не Абай дейміз, не Абай Құнанбаев деп толық жазбаймыз. Бұл – дұрысы. Ыңғайсыз жағдай, тіптен, спикерлер: Н.Нығматуллин, М.Әшімбаев деп жазу телеарналарда өріп жүр. Дұрысы: Нұрлан Нығматуллин, Мәулен Әшімбаев емес пе? Ойланайық!

Біз ақын Дулат, ер Махамбет, ұстаз Ыбырай, ғалым Шоқан, хакім Абай деп эпитеттерін қоса айтқанды жөн көреміз. Сірә, осымыз дұрыс болар деген ниеттеміз.

Ресми не бейресми құжаттарға қол қоюға әкелгенде, Ғ.Есім жазылса, сұраймын неге азан шақырып қойған атымды толық жазбайсыздар деп. Осындай талап қоямын деп Сенатта депутат болып жүргенімде «айғайға» қалғанмын. Мен атымды мониторға толық жазуды талап еттім, ақыры сөзім өтпей, жеңілдім. Себебі, орысша ойлау рәсімге айналып кеткен.

Қазақша ойлау, қайдасың?!

P.S. Ұстаз Ыбырай Тұлғаны білім мен тәрбие тұтастығы деп түсінген. Тұлға қалыптасуының басты принципін ашып берген:

*Бір Құдайға сыйынып,
Кел, балалар, оқылық.*

*Оқығанды көңілге,
Ықыласпен тоқылық*

Бұл – Тұлғаның қазақша ойлауының үлгісі.

ОПЕРА



Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театрында Мұқан Төлебаевтың Қажым Жұмалиевтың либреттосына жазылған «Біржан – Сара» спектаклінің қойылымына 75 жыл толуына орай және дирижер, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Раиса Садықованы еске алуға арналған спектакль өтеді.

МУЗЫКА МӘДЕНИЕТІНІҢ ЖАУҒАРЫ

«Біржан – Сара» операсы отандық музыка мәдениетінің тарихында ерекше орын алады. Оның премьерасы 1946 жылы Абай атындағы Опера және балет театрының үлкен сахнасында өтті. Сюжеттің негізінде көрнекті ақын, әнші-композитор Біржан сал (Біржан Қожағұлов) мен ақын Сара Тастанбекқызы өмірінің шынайы тарихы жатыр.

«Біржан – Сара» операсында өткен жүзжылдықтың бастапқы кезеңі қайта жаңғыртылған. Қойылымда байдың озбырлығы мәселесі көтерілген. Осы ретте

басты кейіпкерлер Біржан мен Сараның рухани күші мен феодалдық қоғамға қарсы тұруы айқынырақ көрінеді. Музыка Қазақстанда классикалық опера өнерінің дамуына негіз болған ұлттық эпос пен формалардың органикалық қоспасын ұсынады.

Қойылым көрерменге 4 қараша күні, сағат 19.00-де ұсынылады.

**Дайындаған
Айжан БҮРКІТБАЕВА.**

ДЕРЕКТІ ФИЛЬМ

АРАЛ АХУАЛЫ – ӘЛЕМ ДИДАРЫНДА



**Айжан
ШАЛАБАЙҚЫЗЫ**

Netflix-те тұңғыш рет қазақстандық фильм жарық көрді. Әлемдегі ең ірі стриминг платформасында қазақстандық режиссер Катерина Суворованың «See tomorrow» атты тәуелсіз толықметражды деректі фильмі жарияланды.

Режиссердің айтуынша, оның жұмысын промоутерлер Локарно кинофестивалінде байқаған, содан бері түрлі кинофестивальдер мен стриминг қызметтерінде көрсетілім туралы келіссөздер жүргізілген. Қазір фильм Еуропа елдерінің көрермендеріне қолжетімді, ал АҚШ-та Amazon платформасында ұсынылған.

«See tomorrow» фильмінде тартылып қалған Арал теңізінің қазіргі көрінісі туралы айтылады. Деректі фильмде жергілікті тұрғындардың бірнеше оқиғасы көрсетілген. Қысқаша мазмұны мынадай:

Мақсат есімді басты рөлді сомдаушы жігіт Бөген ауылының тұрғыны, ата кәсіпті жалғастырған балықшы, отбасының кенжесі болып ойнайды. Бұрын оның ауылы теңіз жағасында тұрған. Арал шегіне бастағанда, Мақсаттың атасы құм салынған қаптардан теңізді ұстап тұру үшін бөгет салуға тырысқан. Содан кейін ұзақ жылдар

бойы балықшылар мал шаруашылығымен айналысып, көпшілігі үлкен қалаларға кеткен. Бірақ Мақсаттың отбасы ауылда қалған. Күн сайын таңертең балықшылар «Бақыт» артелі орналасқан жаңа жағалауға дейін дөң арқылы ұзақ жол жүреді.



Фильмнің әлемдік деңгейдегі премьерасы 2016 жылдың тамызында Locarno International Film Festival кинофестивалінде өткен болатын. Осы уақыт ішінде фильм Thessaloniki International Film Festival (Грекия), Jihlava International Documentary Film Festival (Чехия), Docs Against Gravity (Польша), Артдокфест (Ресей), Open City Documentary Festival (Ұлыбритания), SF IndieFest (АҚШ) секілді көптеген беделді халықаралық фестивальдерде ұсынылды.

«СӘБИ БОЛҒЫМ КЕЛЕДІ...»

29 қазанда «Алатау» дәстүрлі өнер театрында әнші-композитор Тұрсынғазы Рахимовтың 70 жылдығына арналған «Сәби болғым келеді» атты еске алу ән кеші өтті.

Ел-жұртының жүрегін жарты ғасырға жуық әнімен жұбатқан Тұрсынғазы Рахимов 1951 жылы 15 қазанда дүниеге келген. Тарбағатайдың төсінде, Өкпегінің бауырында бала дауысы қалыптасқан Тұрсынғазының тынысын кеңейтіп, әніне қанат бітірген Алматыдағы эстрада студиясы және ұстазы Жүсіпбек Елебеков болатын. Кең де асқақ дауысына ұлттық қоңыр бояу қосқан да, шырқау шегін анықтаған да сондағы өнер ұясы еді. Ол ән айтумен қатар, ән шығарды.

Өнер иесі Мұқағали көз жұмған тұста ақынның сөзіне жазылған «Сәби болғым келеді» атты алғашқы әнінен бастап, «Ая-

гөз ару», «Бала ғашық», «Отыздан асып барамын», «Қазағым-ай!» атты асқақ та жігерлі, махаббатқа толы ұранды әнмен түйіндеп, 35 сазды дүниемен ұлы ақынның поэзиясын тірі дауысқа айналдырды. «Қаламқастың қыздары-ай», «Ән-Әміре», «Ән-Әсет», «Ерке жирен», «Қабанбай» секілді 20-ға тарта әні ел-жұртының жүрегіне өз даусымен жетті. Өкінішке қарай, әнші-композитор 65 жасқа қараған шағында өмірден өтті. Міне, бүгін Алматы қаласының Мәдениет басқармасымен бірлесе отырып, Семей қаласы әкімдігі еске алу кешін ұйымдастырып отыр.

«Бүгінгі мерейлі күнге орай жыл басынан бастап еліміздің барлық аймақтарында үлкен-үлкен шаралар өткізіліп келеді. Соның бір жалғасы ретінде бүгін «Алатау» дәстүрлі өнер театрында ағамызды еске алу кешін өткізіп отырмыз. Бүгінгі концерт ағамыздың әндерінің шығу тарихының хронологиясына байланысты болды. Яғни жас күнінен бастап өмірден озған сәтіне дейін өмірге келген әндері шырқалады. Бізге қолұшып созған қала әкімдігіне, оның ішінде Мәдениет басқармасына алғысымызды білдіреміз», – деді Семей қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Назерке Мәулітқызы.

Концерттің шымылдығын сахналық қойылым ашса, әуезді кешті дәстүрлі ән өнерінің өкілдері жалғастырды. Одан бөлек, жобаның басы-қасында жүріп, мұрын-



қан әріптестері, бауырлары, шәкірттері, жерлестерінен құралған астанамыздан басталған көш бүгін Алматыға келіп отыр», – деп ойымен бөлісті Рамазан Стамғазиев.

Сахнаға өнер майталмандарынан бөлек, Тұрсынғазы ағамыздың көзін көрген, ол жайында шежірелі әңгіме айта алатын, сол кісінің қатарында жүрген, ән үйренген шәкірттері, бауырым деп бауырына басқан бауырлары мен қарагөз қарындастары шығып, әндерін нақышына келтіріп орындады.

Атап айтқанда, Қайрат Қамимолдин, Нұридден Иманбаев, Гүлдана Ноғайбаева, Данияр Ахмадиев, Жасұлан Тәжиев сынды бірқатар өнерпаздар сахна көркін кіргізіп, халықтың қошеметіне бөленді. Бір жарым сағат үздіксіз ән тыңдаған көрерменнің ықыласы дәстүрлі әннің дарабоздарына бөлек екені байқалды.

Кеш соңында Алматы қаласының Мәдениет басқармасы басшысының орынбасары Арман Бейсенбайұлы сөз сөйлеп, Алматы қаласы халқының атынан Тұрсынғазы Рахимовтың жерлестеріне, туған-туыстарына алғысын білдірді. Сондай-ақ, Семей қаласы әкімінің орынбасары Айдар Серікқазыұлы осындай кешті өткізуге мұрындық болған Алматы қаласына, Алматы қаласының Мәдениет басқармасына және көрерменге осындай кешті ұсынған «Алатау» дәстүрлі өнер театрына, театр басшысы Ринат Рифхатұлына Семей қаласының тұрғындарының ықыласын жеткізді.



дық болған Рамазан Стамғазиев, Еркін Шүкімән, Ерлан Рысқали сынды бір топ өнер майталмандары өнер көрсетті.

«Тұрсынғазы Рахимовты біржақты қарастыруға болмайды. Әрі композитор, әрі актер, әрі әнші. Қаниша әндерін халық әлі күнге дейін сүйіп тыңдайды. Әндерінің біразы Алатаудың ақиық ақыны Мұқағали атамыздың сөзіне жазылған. Оның туындылары сахналық үлкен оқу орындарында оқытылып, жас буындардың орындауында шырқалып жүр. Уақыт өте келе ағамыздың мінекейі 70 жас мерейтойы келді. Өзі жоқ болса да, ағамызды іздеген, оны қадір тұт-

● ФЕСТИВАЛЬ

Абай атындағы Қазақ ұлттық академиялық опера және балет театрының тарихи сахнасында Ballet Globe халықаралық фестивалінің шымылдығы «Аққу көлі» спектаклімен ашылды.

Асыға күткен мәдени шара ғасырдың ұлы балеринасы Майя Плисецкаяға арналған. Прима өзінің стилімен, ерекше әсемдігімен және шығармашылыққа толы ұзақ өмірімен танымал.

«Шынайы өнердің жанкүйерлері үшін бұл шын мәнінде тарихи оқиға. Көпке созылған пандемиядан кейін алматылықтар мен қала қонақтарының рухани аштығын қанағаттандыру үшін қайта қанатымызды жайдық. Біздің фестиваль Алматы төріндегі ең жарқын оқиғалар қатарынан табылатыны сөзсіз. Быыл біз Ballet Globe IV Халықаралық би фестивалін біртуар, ерекше, балеттің қайталанбас аңыз адамы Майя Плисецкаяға арнаймыз. Балеттің әппақ аққуының әр қимылы көрерменнің жүрегін дір еткізіп, өзіне еліктіре ғашық ететін. Ол – балет әлемінің эталоны, болған да, болады да. Біз Майя Плисецкая шығармашылығына осылай тағзым етпекпіз», – деді Ballet Globe иесі Ерлан Андағұлов.

Фестивальдің шымылдығын ашқан әлемдегі ең танымал балет алматылықтардың да көңілінен шықты. Көрерменді бишілердің әсерлі хореографиясы, орындаушыларының шеберлігі мен Петр Чайковскийдің музыкасы тәнті етті. «Аққу көлінің» либреттосы көне неміс фольклорына негізделген: аққу-қыз Одетта мен Зигфрид ханзаданың махаббаты туралы тамаша романтикалық аңыздың сюжетін білмейтін жан кемде-кем. Бұл жолы өнерсүйер қауым үшін басты партияларды Ресейдің Үлкен театрының жұлдыздары – жетекші солист Алена Ковалева мен Ресей Президенті сыйлығының лауреаты, премьер Денис Родькин орындады.

Спектакль басталар алдында әртістердің өздері баспасөз мәслихатында осы фестивальге дайындықтың қалай өткенін айтып берді. Олар алматылық өнерсүйер қауыммен кездесуді асыға күткендерін жеткізді. Алматыға, жалпы Қазақстанға алғаш табан тіреген Алена Ковалева:

– Атақты спектакль Алматы көрермендеріне жол тартып, бүгін оны көруге мүмкіндік туғанына қуаныштымын. Бәрінің көңілінен шығады деген үміттемін. Бүгінгі кешті асыға күтудемін. Алматы бізді жаймашуақ күнмен қарсы алды. Оның өзі бізге бір қуат пен жәрдем береді. Мұнда



нағыз алтын күзді көзбен көріп, тамашалай аласың, ал біз келген Мәскеу қыстың ызғарына мойынұсынғаны қашан», – деп өз ойымен бөлісті.

Ал Денис Родькиннің Алматыға келуі бірінші рет емес. «Мен мұнда сегіз жыл бұрын көктемде келгем, ал қазір алтын күзге дәл түстім. Екі түрлі қала десем артық айтпағандым, бірақ жылдың әр мезгілінде Алматы өзінше әдемі. Маған қала ұнады, өмір сүруге өте жайлы», – деді Денис Родькин.

Балерун барлық спектакльдер мұқият дайындықты қажет ететінін, бұл оңай емес екенін айтты. «Біздің мамандығымыз түрлі қиындықтардан құралады. Ешкім оңай болады деп айтқан жоқ. Қандай спектакль болсын, сауатты, дұрыс билеу үшін жан-тәнімен өз ісіне берілуін керек. Оның барлығы үнемі белгілі бір күш-жігерді, уақытты талап етеді. Тек спектакль кезінде ғана емес, оған дейін де маған спектакльге дайындалу қиын, өз денемді ояту да оңайшылықпен берілмейтін іс», – деді ол.

«Аққу көлі» – халықаралық мәдени шараның басы ғана. Алматылықтарды келе жатқан желтоқсан айында біраз қызықтар күтуде. Мысалы, 4 және 5 желтоқсанда Светлана Захарова – Үлкен театрының прима балеринасы, Ла Скала театрының этуалі, Ресейдің Халық әртісі, әлемдегі ең танымал және сұранысқа ие балериналардың бірі өнер көрсетеді. Ол

«АҚҚУ КӨЛІ» халықаралық мәдени шара шымылдығын ашты



Кармен рөлін Ресейдің Үлкен театрының премьералары Артемий Беляков пен Михаил Лобухинмен бірге орындайды. Дирижер ретінде Қазан театрының маэстрасы Нұржан Байбосынов «Қазақстан Камератасы» мемлекеттік оркестрінің қатысуымен өнер көрсетеді.

1967 жылы 20 сәуірде Үлкен театр сахнасында Кубаның атақты балетмейстері Альберто Алонсо арнайы Майя Плисецкаяға арнап қойған Бизе-Щедриннің «Кармен-сюитасы» алғаш рет көрсетілді. Оның Кармені Үлкен театр репертуарындағы балеринаның басты рөлдерінің біріне айналды және әлемдік хореография тарихына алтын әріппен жазылды.

Ал 26-25 желтоқсан аралығында «Щелкунчик» жаңа жылдық спектакліне әлемдік балет жұлдыздары қатысады. Мерекелік шара қонақтары екі кеш барысында сиқырлы патшалыққа айналатын театрдың барлық фойесінде тамашалай алады, онда Драже перизиты, Дроссельмейер шебері, Мари, Щелькунчикті кездестіре аласыз және нағыз Рождестволық балдың куәсі боласыз.

Өз кезегінде Ballet Globe фестивалінің негізін қалаушы Ерлан Андағұлов пандемия кезіндегі жылы лебіздері үшін көрермендерге алғысын білдірді. Ол өнерсүйер қауымның осынау күнді армандағанын, сүйікті театрда болып, балеттің жарқын әрі қайталанбас жұлдыздарының өнерін тамашалағанын асыға күткендерін жеткізді.

Бетті әзірлеген Динара МҰРАТ.



БОКС

ЖАҢА ЕСІМДЕР ЖАРЫСЫ

Бұл күндері Белградта бокстан әлем чемпионаты өтіп жатыр. Олимпиададан кейінгі дода болғандықтан, назар аударушылар да көп, жаңа есімдер де жеткілікті. Бүкіләлемдік бокс қауымдастығы (АИБА) бокс спортының жақсы атағын қайтаруға барын салып жатқаны өз алдына, Белград додасында былғары қолғап шеберлерін 13 салмақта ортаға шығарды. Ал олимпиадада – бар болғаны 8 салмақ дәрежесі бар. Демек, Париж олимпиадасына дейін әуесқой бокста біраз жаңалықтар болатын сияқты. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер де бұл жолы аса қомақты сыйақы иеленеді. Күні кешеге дейін Қазақстан атынан қатысқан 13 боксшының үшеуі жеңілді. Басқа елдермен салыстырғанда, біздің көрсеткішіміз өте жақсы. Дегенмен, жарыс жолынан шығып қалған үш боксшымыздың да ауыр салмақтылар екенін ескерсек, жаңа бір мәселенің ұшы көрініп келе жатқандай секемденеміз. Қоңқабаев, Левит, Нұрдаулетовтердің избасарлары осал болғаны ма?

Қазақстандық боксшылардың нәтижелері мынадай:

48 келі. 1/8 финал. Теміртас Жүсіпов – Омер Аметович (Сербия) – 4:1

Ширек финалда Жүсіпов өзбек Нәдіржан Мырзахмедовпен қолғап түйістіреді.

51 келі. 1/16 финал. Сәкен Бибосынов –

Хасанбай Досматов (Өзбекстан) – 5:0

1/8 финалда кеше Бибосынов үндістандық Дипак Бхориамен кездесті.

54 келі. 1/16 финал. Махмұт Сабырхан – Ким Ин Кю (Оңтүстік Корея) – 5:0

1/8 финал. Мэтью Макхейл (Шотландия) – 4:1



Ширек финалда Сабырхан бразилиялық Майкл Тринидадпен күш сынасады.

57 келі. 1/32 финал. Серік Теміржанов – Хархугиин Энх-Амар (Моңғолия) – 5:0

1/16 финал. Теміржанов – Рейто Сутсуми (Жапония) – 5:0

1/8 финалда кеше Теміржанов үндістандық Рохит Мормен шаршы алаңға шықты.

60 келі. 1/16 финал.

Саматәлі Төлтаев – Хунатип Пиднуч (Тайланд) – 3:2

1/8 финал. Төлтаев – Дуван Зулета (Колумбия) – 4:1

Ширек финалда Төлтаев Рио олимпиадасының күміс жүлдегері Софьян Умиамен (Франция) кездеседі.

63,5 келі. 1/16 финал. Санатәлі Төлтаев – Василе Чеботари (Молдова) – 5:0

1/8 финалда Төлтаев кеше украиналық Денис Песоцкиймен қолғап түйістірді.

67 келі. 1/32 финал. Абылайхан Жүсіпов – Лин Ю (Тайпей) – 5:0

1/16 финал. Жүсіпов – Кристиан Паласио (Венесуэла) – 5:0

1/8 финалда Жүсіпов кеше поляк Дамиан Дуркачпен шаршы алаңға шықты.

71 келі. 1/32 финал. Асланбек Шымбергенов – Фархад Моради – 5:0.

Граундтың соңында Моради жарақат алды. Ұпай санының артықшылығымен

жеңіс Шымбергеновке берілді.

1 / 1 6 ф и н а л . Шымбергенов – Шахрам Ғиясов (Өзбекстан) – 5:0

1 / 8 ф и н а л . Шымбергенов – Магомед Шахидов (Германия) – III раундта Шымбергенов нокаутпен жеңді.

Асланбектің ендігі қарсыласы – Юрий Захареев (Украина).

75 келі. 1/32 финал. Нұрканат Райыс – Стефан Савкович (Черногория) – 5:0

1/16 финал. Влад Гаврилюк (Молдова) – 4:1

Кеше 1/8 финалда Райым ауғанстандық Сулиман Асламимен кездесті.

80 келі. 1/16 финал. Нұрбек Оралбай – Исаас Фильо (Бразилия) – 5:0

Кеше түнде Оралбай венгриялық Пал Ковачмен ширек финал жолдамасы үшін күш сынасты.

86 келі. 1/16 финал. Бек Нұрмағанбет – Кено Машадо (Бразилия) – 0:5

92 келі. 1/16 финал. Айбек Оралбай – Матеуш Березински (Польша) – 4:1

1/8 финал. Оралбай – Мадияр Саидрахымов (Өзбекстан) – 1:4

92+ келі. 1/16 финал. Нұрлан Сапарбай – Аюб Гадфа (Испания) – 1:4

ВОЛЕЙБОЛ



«Орбита» озды

Алматы қаласы Дін істері жөніндегі басқармасының басшылығымен 31 қазан күні Алматы мешіттерінің жамағаты арасында волейбол турнирінің финалдық ойындары өтті.

Бір ай бойы өзара бақ сынап, 8 ауданнан үздік шыққан командалар финалдық кезеңде Алматы қаласының жеңімпазын анықтады. Ұйымдастырушылар тағайындаған сыйлықтар да бағалы болғандықтан, әр команда алаңда барын салып, қызықты ойын өрнегін көрсетті.

8 команда арасынан оза шапқан Бостандық ауданының «Орбита» командасы мен Наурызбай ауданына қарасты «Ибраһим» мешітінің «Энерго» командасы жарыстың бас жүлдесін өзара сарапқа салды. Құрамында Ержан Әбдірасылов, Дастан Есқожа, Оразхан Қалназаров сынды волейболшылар өнер көрсеткен «Орбита» командасы қарсыластарын екі сәтте де 25:21 есебімен ұтып, үшінші рет ұйымдастырылған жамағат арасындағы жарыстың жеңімпазы атанды.

Наурызбай ауданының «Энерго» командасы күміс жүлдегер атанса, Алатау ауданының «Нұр-мүбәрак» волейболшылары жүлделі үштікті түйіндеді. Олар Түрксіб ауданына қарасты «Әлмерек» мешітінің «Елтай» волейболшыларын қапы қалдырды.

Жеңімпаз және жүлдегер атанған командалар кубок, диплом, медаль және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

«Асыл мұра» бағдарламасы аясында ұйымдастырылған спорттық шараның негізгі мақсаты – мешіт жамағаты арасында дене шынықтыру мен спортты, салауатты өмір салтын насихаттау. Сонымен қатар, исламның дәстүрлі емес ағымының жетегінде жүрген жандарға асыл діннің оң жолын көрсету арқылы оларды бауырға тарту.

Айта кетер жайт, осыған дейін мешіт жамағаты арасында өткен футбол турниріне 3000-нан астам адам қатысқан болатын. Ал волейбол турнирінде қаладағы мешіттер командалары алдымен өзара аудандық сайыста бақ сынап, үздіктерді анықтады.

ЖҰЗУ

Әділбек – рекордшы

Суда жүзуден Қазақстан командасының мүшесі Әділбек Мусин Қазандағы әлем кубогы кезеңінде бірнеше рет ел рекордын жаңартты.

Алдымен ол 200 метрге баттерфляй әдісімен жүзуден 01:58.57 уақыт көрсеткішін тіркеп, финалда бақ сынады.

Содан соң Мусин 50 метрге баттерфляй әдісімен жүзуден 23.10 секундты тіркеп, тағы да ел рекордына түзету енгізді.

Ал көркем гимнастикадан Жапонияның Китакушу қаласында өткен әлем чемпионатында топтық жаттығуда Қазақстан құрамасы финалға өте алған жоқ. Ұршық, 3 шығыршық және 5 доппен жаттығуда қазақстандықтар 16-орында қалып қойды.

Ал әлем чемпионы атағын Ресей құрамасы иеленді. Италия – 2, Беларусь 3-орын алды.



ФУТБОЛ

«Қайрат» – қола жүлдегер



Футболдан Қазақстан чемпионаты мәреге жетті. Соңғы турда Талдықорғанда «Жетісумен» тең ойнаған (0:0) «Қайрат» қола жүлдегер атанды. Алматылықтар 51 ұпай

жинап, күміс жүлдегер «Астанадан» – 6, чемпион «Тобылдан» 10 ұпай артта қалды.

«Тобыл» 11 жыл үзілістен кейін чемпион атағына қол жеткізді.

Қостанайлықтар жарыс жолында бір ойында ғана жеңіліп, жарысты бір деммен өткізді. Биыл бұл команданың тізгіні Григорий Бабаянның қолында болған еді. Бірақ ол маусым ортасында Мәскеудің (Ресей) ЦСКА-сына ауысқандықтан, оның көмекшісі Александр Москаленко бас бапкерлікке бекіді. Москаленко басшылығымен «Тобыл» еурокубокта аса сәтті өнер көрсетпесе де, ұлттық біріншілікте білгенінен жаңылған жоқ. Жыл басында қостанайлықтар Қазақстан суперкубогын да иеленіп еді.

Енді Қазақстан кубогында да дара шығуды жоспарлап отыр. Яғни бәрі дұрыс болса, «Тобыл» биыл Қазақстандағы басты үш футбол атағын да иеленбек.

«Қайрат» үшін маусым әлі аяқталған жоқ. 7 және 20 карашада оңтүстікастаналықтар Қазақстан кубогының жартылай финалында «Астана» командасымен кездеседі. Бұдан бөлек, «Қайрат» Конференция лигасының топтық турнирінде әлі үш матч өткізеді. Топтан шығуға мүмкіндік әлі де бар. Демек, Құрбан Бердыев шәкірттері маусымды желтоқсан айының ортасында аяқтайды.

Биыл премьер-лигадан «Қайсар» және «Жетісу» командалары түсіп қалды. Олардың орнына бірінші лига жеңімпаздары «Ақсу» (Павлодар облысы) және «Мақтаарал» (Түркістан облысы) толықтыруға тиіс.

Бетті дайындаған
Естен САБАЛАҚ.



Мегполисте
Қазақ күресінен
Ербол Сыпатаев
атындағы турнир
өтті. Жарыс
жоғары оқу
орындарының
студенттері
арасында
ұйымдастырылды.



РУХТЫ ТУРНИР



Ақтолық
ТҮРЛІҒАЗЫ

Бозкілемге шыққан балуандар 5 салмақ дәрежесі бойынша бақ сынады. Желтоқсан оқиғасының қаһарманын еске алуға арналған іс-шараның ашылу салтанаты Ербол Сыпатаевты бір минут үнсіздікпен еске алумен басталды. Одан соң желтоқсаншылар боздақтардың өмірінен сыр шертіп, солардың арқалаған аманатын жастарға үлгі етіп, елінің патриоты болуға шақырды. Алматыдағы Горкий саябағының ішіндегі М.Әуезов атындағы стадионның іргесіндегі күрес залында өткен аламанға қаладағы 10-ға тарта желтоқсан ұйымының басшылары құрметті қонақ ретінде шақырылды.

Жарыстың салтанатты ашылуында сөз алған ПҚ «Желтоқсан» ақиқаты республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Болат Құрымбаев, белді мүшесі Шолпан Нұрғалиева, Желтоқсан ардагері, кезінде еркін күрестен ел біріншілігінің жеңімпазы болған ардагер балуан Дархан Жәкешев және марқұм Ербол Сыпатаевтың туған бауыры Ержан Сыпатаевтар айтулы турнирдің ерекшеліктеріне тоқталып, жеңімпаз балуандарды марапаттады.

«Мен Қазақ спорт және туризм академиясының 1-курс студентімін, жарыс жайында кураторымнан естідім. Өз басым қазақ күресімен айналысып жүргеніме 6 жылдың жүзі болыпты. Сол себептен, ешқандай да қиындықтар туындаған жоқ.

Турнирде 74 келі салмақ арасында бақ сынасып, жеңімпаз атандым. Осы ретте ұйымдастырушыларға шексіз алғысымды білдіремін. Жастар арасында рухты көтеретін дүбірлі додалардың қатары көбейе берсе екен», – дейді жеңімпаз Еламан Бекзатхан. Топжарған балуандарға жарыс соңында ұйымдастырушылар әзірлеген кубок, мақтау қағаздары және бағалы сыйлықтар табыс етілді. Марапаттау рәсімінде зиялы қауым өкілдері мен Желтоқсан қатысушылары өз құттықтау сөздерін айтып, жігіттерге рух беріп, ақжарма тілектерін арнады. Ал спортшы студенттер өздерінің әлсіз емес екендіктерін дәлелдеп, мұндай жарыстардың көптеп өтуін қалайтындықтарын білдірді.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЙ.

Ақын ОРДАБАЙҰЛЫ, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, С.Бердіқұлов жүлдесінің иегері, Желтоқсан ардагері:

– Бүгін тамаша бір игілікті де сауатты спорттық шараны абыроймен өткіздік. Желтоқсан батырлары жас балуандардың тартысты белдесулерін көз жазбай тамашалап, үлкен әсер алды. Тіпті, белдесулерден алған әсерлерімізді сөзбен айттып жеткізе алмаймыз. Төрешілер де сүзгіден өткен сайдың тасындай қазақ күресінің мамандары. Әлем чемпионатының күміс жүлдегері Еркін Сайдақов бастаған қазылар тобының әділ шешімдеріне ешбір жан дау келтірмеді. Осындай аламан жекпе-жектердің өте жоғары деңгейде өтуіне ұйытқы

болған Алматы қаласы әкімдігі, «Жанашыр» қорының президенті Жаңыл Әпетова, ПҚ «Желтоқсан ақиқаты» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Болат Құрымбаев пен Абай атындағы Қазақ ҰПУ-не зор алғысымызды айтқымыз келеді. Иә, дәл осындай ел ішінде мына бір аты жасаман індеттің бой алып тұрған қилы кезеңде кішігірім жарыс ұйымдастырудың өзі оңай емес екені белгілі. Сондықтан да ұйымдастырушылардың төл күресіміз арқылы Желтоқсанның рухын асқақтата түсу ойлары іске асты десе болады. Олардың батыл қадамдары мақтауға лайықты. Алдыңғы аға буын ретінде жастарымызға тек қана алға ұмтылуға, елімізді дамыған мемлекеттердің қатарына қосауға шақырамын.

ЖӨН ЕКЕН

ҚОЛДАУ КӨРСЕТІЛМЕК



Рая
ЕСКЕНДІР

Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім беру академиясы жанынан Психологиялық орталық ашылды.

Дәл қазір еліміздегі мектептерде 7 мыңнан астам педагог-психолог еңбек етсе, әлі де мамандарға деген сұраныс жоғары. Сондықтан олардың санын көбейту бағытында жұмыстар жүргізіліп жатыр. Жалпы, Білім министрлігі мектептерде психологиялық қолдау көрсету қызметін күшейтуді текке басты назарға алып отырған жоқ. Өйткені, соңғы кездері жасөспірімдер арасында түрлі жағдайлар

орын алып жатыр. Сондай-ақ, балалар ата-анасы мен мұғалімге, жақын досына айта бермейтін жан сырларын психологпен бөлісіп жатады.

Бұл ретте білім беру ошақтарында жұмыс істейтін психолог-мамандардың жұмыс алгоритмін қайта қарау жағы да қолға алынып отыр. Дәл қазір Қазақстанда балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында мектептерді тәулік бойы арнайы күзет қызметінің қадағалауына беру мәселесі жан-жақты талқыланып жатыр. Оған қоса, күзет қызметкерлеріне қойылатын талап пен оларды даярлау жоспары да қайтадан қаралуда.

ЖЕР-ЖАҒАН


Универ орнына кітапхана тауысқан



«Мен 19 жасымда жоғары оқу орнан түсе алмадым. Себебі, отбасым өте кедей тұратын. Сондықтан кітапханаға бардым. Әр аптаның үш күнін кітап оқуға арнадым. 27 жасымда университеттің орнына кітапхана тауыстым.

Мен автокөлік дегенді мүлдем жаратпаймын. Интернетті де, компьютерді де жек көрем. Олар біздің өмір сүруімізге кедергі келтіреді, алтын уақытымыздың денін солар алады. Адамдар бір-біріне көңіл бөліп, бір-біріне құлақ коюдың орнына интернеттің, компьютердің алдында желімше жабысып алған» (Рэй Брэдбери, американдық атакты жазушы).

«Тілін шығарғаны несі?..»



Бірде әйгілі Альберт Эйнштейнге әйелі «қалай болса солай киінесің» деп ренжиді. Сонда ғалым: «Е-е, мені кім біледі дейсің?!», – депті.

Кейін атакты болғаннан кейін әйелі тағы да сол сөзін қайталайды. Сонда Эйнштейн: «Е-е, мені кім білмейді дейсің?!», – деген екен.

Эйнштейннің тілін шығарып тұрған ең танымал мына суретін 1951 жылы Артур Сасс деген фотограф түсірген екен.

Ғалым 72 жасқа толған мерейтойынан шаршап шығады. Оған қарап жатқан фототілшілер жоқ, ғалымды қайда барса да соңынан қалмай фотоаппараттарына сыртсырт еткізіп түсіре береді. Жасы келген адам, кісі аяғы көп болған салтанатты тойдан шаршағаны

белгілі. Фототілшінің «сәл жымысаңыз» дегеніне ол осылай шаршаңқы күйінде тілін шығарады. Бұл сәтті фотограф Сасс қалт жібермей сырт еткізіп түсіріп алған екен. Ол тұста қазіргідей кадрды бір көріп алып, ұнамаса өшіру деген технология болмағандықтан, сурет солай тарап кеткен.

Кейін ұлы адамның көпке қарап тілін шығарғанын ерсі санағандар түрлі басылымдарда сынап та жазған екен. Алайда, тағы да қайтала-сақ, оның бұл әрекеті сол сәтте қатты шаршап тұрғандығының ғана белгісі еді.

Әлем бойыншы осы бір өзгеше суреттің 9 ғана түпнұсқасы сақталған. Соның біреуі 2009 жылы 74 000 АҚШ долларына сатылған деседі.

Пианинода саусақсыз ойнайды



Алексей Романов – қол-аяғы жетілмей туған жетім бала. Балалар үйінде өскен. Мүгедектігі үшін кезінде оны педагогтар қамқорлығына ала қоймаған.

Сондықтан ол өмірге деген құштарлығын жоғалтпай, адамдарға да, тағдырына да кектенбей, бойындағы талантын өнерге деген шексіз махаббатымен, өз күшімен жетілдіріп, пианинода ойнауды өз

бетінше үйрене бастайды. Бүгінде әлемді шарлап жүр. Өн де жазады.

2015 жылы оған жай ғана синтезатор сыйға берілген екен. Ал келесі жылы Финляндияның бес мың адам жиналған аудиториясына концерт береді. Содан бері Алексей жаһанға танымал музыканттардың бірі. Зеленодольскте (Татарстан) өмірге келген оған бүгінде асырап алған анасы қолдау көрсетіп жүрген көрінеді.

Айтпақшы, оның бағын ашқан «Сумерки» кинокартинасындағы «River Flows In You» композициясы болатын. Оны әуелі Ресей телеканалдары бірінен соң бірі іліп әкетіп көрсете бастаған болатын. Сосын шет елдің прессалары ат арытып келе бастаған.

Алексейдің негізгі мотиваторы қол-аяғы жоқ әйгілі Ник Вуйичич екен.

Әзірлеген
Нұр ЖАМАЛ.



БРИФИНГ

ЕКПЕГЕ ДІН ТЫЙЫМ
САЛМАЙДЫ

Алматы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен онлайн-брифингте қаланың Орталық мешітінің наиб имамы Ержан Есім вакцина туралы сұрақтарға жауап берді.

Ақтолқын
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Дін өкілінің айтуынша, бірде-бір дәстүрлі дінде екпеге тыйым салынбаған, керісінше, ол денсаулықты сақтауға деген ұмтылыстың қолдау табатынын атап өтті. «Біз отбасымызды коронавирустан қорғап, әр адамның өміріне жауапкершілікпен қарауымыз қажет. Вакциналану – індеттен құтылудың жалғыз шешімі. Дін әркімге өмір мен денсаулыққа дұрыс күтім жасауды және аурудың

Вакциналардың халалдылығы жөнінде алаңдаудың қажеті жоқ екенін де атап өтті. Мысалы, біздің QazVac халалдың жалпы талаптарына сәйкестік сертификатын алды. Сонымен қатар, ол ковидтің «дельта» нұсқасына қарсы тиімді.

Алматы Орталық мешітінің наиб имамы қала тұрғындарын имундау науқанына белсенді қатысуға шақырды. Сондай-ақ, ол ғаламтордағы дінге ешқандай қатысы жоқ түрлі қауесеттерге сенбуге кеңес берді. «Исламда адам өмірінің құндылығы мен оны



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ

алдын алу жолдарын іздеуді міндеттейтінін есте ұстаған жөн. Вакциналар бірқатар мұсылман елдерінде қолданылады, сондықтан уақыт жоғалтпай, халал және халал емес вакциналарды қарастыру қажет. Адамдардың өмірін құтқаратын кез келді. Вакцинаға қарсылардың медицинаға қатысы жоқ», – дейді дін қызметкері.

Ол сондай-ақ, Сауд Арабиясы билігінің шешімімен Мекке мен Мединадағы қасиетті орындарға үлкен және кіші қажылыққа қатысу үшін мұсылман қажылардың коронавирусқа қарсы вакцинадан өтуі керек екенін айтты.

сақтау қажеттілігі Алла Тағаланың ұлы сыйы – аманаты деп бірнеше рет мәлімдейді, сондықтан Құран да оларды емдеу мен сауықтыруға шақырады», – деп түсіндірді имам. Оның айтуынша, Алматыдағы діни бірлестік өкілдерінің көпшілігі өздерін және жақындарын қорғау үшін екпе алған. Демек, ешқандай да діни ағым адам өмірін сақтауға әрі вакциналануға қарсы емес. Жалпы, дін қызметкерінің пікірінше, аурудың алдын алу үшін вакциналану – «мубах» қажеттілік деген мағынаны білдіреді. Яғни екпе салдырту денсаулығымызға қажет болса, алуға рұқсат етілген.

COVID-19

QazVac авторлары
үйлі болды

QazVac вакцинасын жасап шығарған ғалымдарға пәтер кілті табысталды.

Иә, Жамбыл облысындағы Қордай ауданының Гвардейск қалашығында орналасқан Биологиялық қауіпсіздік проблемалары ғылыми-зерттеу институты қызметкерлеріне арналып салынған 180 пәтерлік 3 көпқабатты тұрғын үй пайдалануға берілді.

«Сіздер Қазақстанды әлемге тағы бір таныттыңыздар. Біздің елімізде де биотехнологияның дамығанын, жоғары білікті ғалымдардың бар екенін дәлелдеңіздер. Шет



елдерде мұндай өндірісті құруға 3-4 жыл жұмсалса, біз 9 айдың ішінде үлкен зауыт сала алдық.

Вакцинамыз дүние жүзінде мойындалып жатыр», – деді облыс әкімі Б.Сапарбаев.

Өміріне қауіп жоқ

Алматылық дәрігерлер әйелдің ішінен салмағы 7,5 келі болатын эхинококк кистасын алып тастады.

№7 қалалық клиникалық ауруханасының хирург-дәрігері Мұса Сахиповтың айтуынша, наукас Алматы облысынан келген. Пациентте ауырсыну, өзін жайсыз сезіну секілді белгілер болмаған. Тек соңғы жылдары 3-4 келі салмақ қосыпты. Сосын аллергия пайда болған. Сөйтіп, тұрғылықты жері бойынша терапевтке қаралып, УЗИ жасатқан. Сол кезде бауырында эхинококк бар екені анықталған. «Мұндай эхинококк өте сирек кездеседі. Әйелдің іш құрылысын түгел алып жатыр. Оның жарылып кету қаупі өте жоғары болды. Операция кезінде бауырдан 500 мл. қан жоғалттық. Бір доза қан құйдық. Операция күрделі болғандықтан, 9 сағатқа созылды», – дейді М.Сахипов.

42 жастағы наукас екі күн жансақтау бөлімінде жатып, бөлімшеге ауыстырылған. Қазір өміріне ешқандай қауіп жоқ.

Ковидті жоятын
антисептик

Грузиялық ғалымдар ковидті жоятын антисептик жасап шығарыпты.

Молекулярлы-жасушалы биология және генетика институтының профессоры Теймураз Курцхалия бұл сұйықтықтың аяқ астынан жасалғанын айтады. «Біз бірнеше жылдан бері биохимия мен генетикада өте жақсы зерттелген домалақ құрттар – нематодаларды зерттеп келеміз. Олардың құрамында өте күшті тотықтандырғыш заттың барын анықтадық. Бұл – кішкентай карбоксиль қышқылы мен амин қышқылы глицині», – дейді ол.

Препараттың адам денсаулығы үшін кері әсері жоқ деп отыр мамандар. Зерттеудің біраз бөлігі Германияда жасалған екен. «Глипера» атауы берілген сұйықтық Үндістандағы ірі зертханалардың біріндегі сынақтан сәтті өтіп, тиімділігі 100% көрсеткен. Ол 10 минут ішінде бүкіл вирусты өлтірген және жасушаға еш зиян келтірмеген.

Нұр ЖАМАЛ.

ӘЛЕМ ЖӘНЕ ПАНДЕМИЯ

Ауруханаларда орын тапшы

АРМЕНИЯ билігі 1 қарашадан бастап далада да, ашық ауада да бетпердені міндетті түрде тағу режимін енгізді. Себебі, елде ковидтің таралуына байланысты эпидемиологиялық жағдай шиеленісіп кеткен. Ауруханаларда індет жұқтырғандар санының күрт өсуіне байланысты бос орын қалмаған, жүздеген пациент ауруханаға жату үшін кезек күтіп отырған көрінеді.

БЕЙЖІҢ де эпидемиологиялық күрт нашарлауына байланысты карантиндік талаптарды күшейтті. Чанпин ауданының билігі дәріхана, шаштараз және басқа да қоғамдық орындардың (бас-аяғы 23 ұйым) эпидемияға қарсы іс-шараларды сақтамағаны үшін жұмысын тоқтатты. Ал Хайдян ауданының билігі 3–11 жас аралығындағы балаларды вакцинациялауды бастады.

ӘЗЕРБАЙЖАН мемлекетінің құзырлы органдары жалған вакцина паспортын жасатқандарды 5 жылға дейін түрмеге қамау туралы шешім шығарды. «Әзербайжан заңнамасына сәйкес жалған COVID-паспортты сатып алудың қылмыстық құрамы бар екенін хабарлаймыз. Егер вакциналау туралы заңсыз құжаты бар азамат



басқа адамға вирус жұқтырса және ол адам қайтыс болса, 3-тен 5 жылға дейін бас бостандығынан айыру қарастырылған», – дейді ПМ баспасөз қызметінің өкілі.

ГЕРМАНИЯ жерінде 1,7 мың адам вакцинаның үшінші дозасын алды. Олардың арасында жасы 70-тен асқан егде жастағы тұрғындар көп. Медицина қызметкерлері де салдырып жатыр. Қазір бұл елде вакциналау қарқыны баяулап қалған. Ал 10–14 жас аралығындағы балалар мен 19-ға дейінгі жасөспірімдер көп ауырып жатқан көрінеді.

ЭСТОНИЯ сауналар мен аква-орталықтарда да бетперде тағуды міндеттеп отыр. Сонымен қатар, 1 қарашадан бастап елде қоғамдық

тамақтану жұмыстарының қызметі шектелді. Жұмыс күнін сағат 06.00-ден бастау және сағат 23.00-де аяқтау талап етіледі.

Жергілікті билік арнайы карантиндік режимді 2022 жылдың 1 қаңтарына дейін ұзартты. Елде еске алу рәсімдерін өткізуге тыйым салынады. Үйлену тойларында және басқа да мерекелерде шектеулі қонақтардың қатысуына рұқсат бар. Бірақ қонақтардың вакцина алғаны туралы сертификаты болуы тиіс.

ДДСҰ басшысы Тедрос Адханом Гебрейесус алдағы уақытта тоқтату мүмкін болмайтын жаңа вирустың пайда болатынын ескертті. Ол келесі індетке дайын болу үшін қазіргі пандемиядан сабақ алуымыз қажет деп санайды. Сондай-ақ, пандемиялармен күресу үшін жаңа қаржылық тетік және қазіргіден де тиімді басқару қажет деп отыр. Бұған дейін ол егер адамзат қаласа, коронавирус пандемиясы тоқтайтынын мәлімдеген еді. Оның пікірінше, жыл соңына дейін әр елде халықтың кемінде 40%-ын вакциналау мақсатына қолжеткізуге болады.

Әзірлеген
Нұржамал ӘЛШЕВА.

ВАКЦИНА

Жұмыла екпе алуда

Алматы қаласы Денсаулық сақтау басқармасы таратқан сонғы мәліметтерге сәйкес, мегаполисте коронавирусқа қарсы вакцина салдырғандардың жалпы саны 900 мыңнан асты.

«Коронавирусқа қарсы екпенің I компонентін – 401, II компонентін 605 адам алды. Вакцина салдырғандар саны бойынша Алматы қаласы алдыңғы орында. Былғы жылдың I ақпаны мен 31 қазан аралығында қалада 995 741 тұрғын вакцинаның бірінші компонентін, 940 372 адам екінші

компонентін салдырған. Оның ішінде 120 519 адамның жасы 60-тан асқан. Жалпы көрсеткіштер бойынша, қалада бір тәулікте шамамен 1000-нан астам адам вакцина салдырады», – деп хабарлады басқарма.

Бүгінгі таңда қалада медициналық ұйымдарда, мәдениет, спорт объектілерінде, базарларда және қаланың СОСО-да 137 вакциналау пункті жұмыс істейді. 205 вакциналау бригадасына 733 медицина қызметкері жұмылдырылды.

Балаларға қауіпті

Коронавирустың жаңа штамдары балалардың денсаулығына қауіп төндіріп отыр. Осы уақытқа дейін көп жағдайда балаларда аурудың белгілері байқалмаса, қазір мутацияға байланысты әлем бойынша жеткіншектер ауруханаға жиі жатқызылуда.

Мамандар вирустың таралуына дәстүрлі оқыту форматы да әсер етіп отырғанын айтады. Ұлттық Қоғамдық денсаулық сақтау орталығында осы әлемдік үрдіс туралы баяндай отырып, сарапшылардың көпшілігі баланы ковидтен қорғаудың жалғыз жолы – вакциналау екендігін айтып отыр.

«Еуропа мен Америкада жаңа мутацияның таралуына байланысты 12–18 жас аралығындағы жасөспірімдердің вакцина қалай қабылдайтындарына бақылау жүр-

гізіле бастады. Деректер препараттың зиянсыз екенін көрсетті. Сонымен, шет елде жасөспірімдерді жаппай вакциналау басталды. Науқастар саны күрт төмендеген. Көріні Қытайда 3 жастан 12 жасқа дейінгі балаларға вакцинаның зияны мен тиімділігі зерттеліп отыр. Барлығы өз балаларын қорғағысы келеді», – дейді Ұлттық Қоғамдық денсаулық сақтау орталығы департаментінің директоры Жұмабек Бекенов.

Бүкіл әлемде дәрігерлер ковидтің жаңа мутацияланған түрін пандемия басталғаннан бастап анықтай бастады. Бірінші толқыннан кейін мамандар түрлі штамдардың балалар ағзасына әсерін зерттеуді қолға алған болатын.

Әзірлеген
Айнұр СЕНБАЕВА.



ОҚЫРМАНҒА ҚҰЛАҚҚАҒЫС

Жазыл да, ұтып ал!

Құрметті оқырман!

2022 жылға баспасөзге жазылу басталды. «Almaty aqshamy» газеті тұрақты оқырмандарымыз бен жаңа оқырмандарымызды редакцияның «Жазыл да, ұтып ал!» атты байқауына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ойнатылады.

Байқауға қалай қатысуға болады?

«Almaty aqshamy» газетіне 2022 жылға бір жылға жазылу керек.

2021 жылдың 25 желтоқсанына дейін газетке жазылғаны жөніндегі түбіртектегі көшірмесін «Жазыл да, ұтып ал!» деген белгісі бар конвертке салып, редакцияға жолдаңыз. **Редакцияның мекенжайы:** ҚР, 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің қиылысы), №21 бөлме, тел.: 8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61 немесе сканерленген жазылу түбіртегін (тақырып – «Жазыл да, ұтып ал!») alatau-aqparat@mail.ru электронды адресіне жіберу керек.

Назар аударыңыз! Өзіңіздің толық аты-жөніңізді және мекенжай мен байланыс телефонын көрсетіңіз.

Қай жерде жазылуға болады?

«Казпочта» АҚ барлық бөлімшелерінде, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС және «Дауыс» ЖШС.

2022 жылға бір жылдық жазылу қанша тұрады?

Жекелеген оқырман үшін (жазылу индексі 65503) – 7206,00 теңге.

ҰОС ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектігі бар тұлғалар мен көпбалалы аналарға (жазылу индексі 95503) – 5286,00 теңге.

Тек бір жылға толық жазылған оқырмандар ғана қатыса алады.

Сыйлықтар 2022 жылдың 24 ақпанында «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз бақылаушының қатысуымен өтеді. Жеңімпаздардың есімі 2022 жылдың 3 наурызындағы газет санында жарияланады.

Сәттілік серік болсын, құрметті оқырман!

Анықтама телефондары:
8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61.

ШОБ ӨКІДЕРІ ҚЫЗМЕТТІ
ОНЛАЙН АЛАДЫ

**Динара
МҰРАТ**

«Даму» Қорының шағын және орта бизнеске кепілдік беруі толықтай цифрлық форматқа ауыстырылды.

Биыл 8 қарашадан бастап ШОБ өкілі, банк және «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ арасындағы кепілдік шартына қол қою тек ЭЦҚ арқылы онлайн жүретін болады.

– Бұл, яғни кепілдік беру шартына онлайн қол қою – біздің кәсіпкерлер үшін өте маңызды, қажетті функция. Оның арқасында процедура ашық өтеді, адамның адамға күні түспейді, кәсіпкердің, әсіресе алыс елдімекендерде жұмыс істейтіндердің уақытына да үнем. Кепілдік сұрайтын өтінімдердің 72%-ы бізге онлайн келіп түседі. Ендеше, осы кәсіпкерлердің барлығы кепілдік берілген кезде шартқа да онлайн қол қойғысы келеді. 2021 жылдың үш тоқсанында біз кепілдік сұраған 12,4 мың өтінімді мақұлда-

дық. Бұл – былтырғы осы кезбен салыстырғанда 1,7 есе артқанын көрсетеді, – деді «Даму» кәсіпкерлікті қолдау қоры» АҚ Басқарма төрайымы Гауһар Бөрібаева.

Кепілдікке өтінімді онлайн беру процесі 2016 жылы енгізілген. Оның арқасында кәсіпкерге өз өтінімінің қай деңгейде қаралып жатқанын жеке кабинетінде бақылап отыруға мүмкіндік туды. Ал енді «Даму» Қорының тағы бір бастамасы – кепілдік шартына қол қою да цифрланды.

Қордың тағы бір қолдау құралы – субсидия бойынша шарт жасасқанда ЭЦҚ арқылы қол қою процесін «Даму» Қоры 2019 жылы енгізген болатын. Ол кезде де тараптардың шартқа қол қою рәсімі бір-ақ жұмыс күніне дейін қысқарып, оңтайланған еді. Кәсіпкерлер бұл опцияны қуана қабылдаған болатын. 2019 жылы ЭЦҚ қолдану арқылы онлайн қол қойылған құжаттар саны 1700, 2020 жылы – 23000 құрады, ал 2021 жылдың 3 тоқсанында 36800 шарт пен оларға қосымша келісімдерге қол жеткізілді.

ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

- * мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;
- * бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;
- * әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

- * құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;
- * құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІНІҢ
ӘРІПТЕСТЕР АРАСЫНДАҒЫ ЖӘНЕ
ҚОҒАМДАҒЫ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫ

Мемлекеттік қызмет атқару қоғам мен мемлекет тарапынан ерекше сенім білдіру болып табылады және мемлекеттік қызметшілердің әріптестерінің арасындағы және қоғамдағы мінез құлқына, моральдық-этикалық бейнесіне жоғары талап қояды.

Қоғам мемлекеттік қызметші өзінің барлық күш-жігерін, білімі мен тәжірибесін атқаратын кәсіби қызметіне жұмсайды, өзінің Отаны Қазақстан Республикасы мен оның тұрғылықты азаматтарына адал да қалтқысыз қызмет етеді деп сенім білдіреді.

Мемлекеттік қызметшілер мемлекеттік қызметтің беделіне нұқсан келтірмей, пікірсайысты әдепті түрде жүргізу мен қоғамдық ортада адал, әділ, әрі қарапайым болуға, жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтауға, азаматтармен және әріптестерімен қарым-қатынаста сыпайылық пен әдептілік танытуы тиіс. Алайда, кейбір мемлекеттік қызметшілер өздерінің мемлекеттік қызметші екенін ұмытып кетіп, қоғам мен әріптестерінің ортасында жаман іс-әрекеттерімен, бұзақы, дөрекі сөздерімен ақпараттық желілерде тарап жатқаны да аз емес.

Мұндай мемлекеттік қызметшілер кейін өздерінің іс-әрекеттерін YouTube немесе басқа да ақпарат желілерден көріп, өкінетіндері де сөзсіз.

Барлық мемлекеттік қызметшілерді жаңадан тәрбиелеу және әдеп-ғұрыптары мен тәрбиелі іс-әрекеттерін сақтап жүруі мақсатында 2015 жылғы 29 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің №153 Жарлығымен «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексі» бекітілген болатын. Мемлекеттік қызметшілерге адамның ар-намысына тіл тигізуге, масаң күйде қоғамдық орындарда жүруге, айнала-сындағы адамдардың тәртібі мен қауіпсіздігіне қол сұғуға, сондай-ақ заңнаманы бұзуға жол берілмейді. Кез келген мемлекеттік қызметші

жұмыста және жұмыстан тыс уақытында да өз іс-әрекеттері мен мінез-құлықтарына жауапты болуы керек. Мемлекеттік қызметшілер мемлекеттік қызметтің беделіне әр уақытта әдеп қағидаларын сақтауы арқылы үлес қосады, қоғамның мемлекеттік қызметке деген сенімін арттырады.

Әдеп кодексі мемлекеттік қызметшілердің қызметте және күнделікті өмірде жүріс-тұрыстарының стандартын бекітті. Соның негізінде мемлекеттік органдарда этика бойынша арнайы уәкілдер жұмыс атқаратын Әдеп жөніндегі уәкіл енгізілген болатын. Әдеп жөніндегі уәкіл өзі жұмыс істейтін мемлекеттік органда мемлекеттік қызметшілердің әдеп нормаларын бұзу фактілері бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарайды. Әдеп жөніндегі уәкіл өз тарапынан қызметшілер арасында әдеп қағидаларын сақтау жөнінде түсіндірме жұмыстарын жүргізуі тиіс, бұл ретте жеке мінез-құлық арқылы әділдіктің, әдептіліктің, бейтараптылықтың және парасатылықтың үлгісін түсіндіруі арқылы жұмыс орнында, қызметте маңызды рөл атқаратыны айқын.

Әдеп жөніндегі әрбір уәкіл ұжымның тиімді өзара іс-қимылы үшін жағымды жағдайлар жасаудың маңыздылығын түсінуі қажет. Кез келген ұжымның табыстылығы мен татулығы, оң нәтижелі көрсеткіштер көрсетуі ұжымдағы ахуал мен қызметкерлердің ортақ мақсатты қаншалықты терең түсінуіне байланысты.

Мақаламды көптеген мемлекеттік қызметшілер оқиды деген оймен әріптестеріме айтарым, жұмыстан тыс уақытта рухани баюымыз қажет. Мәдени және демалыс орындарына бару, мүмкіндігінше волонтерлықпен айналысып, қоршаған ортамызға көмек қолымызды созғанымыз абзалырақ болады.

Марат СӨРСЕНБАЕВ,
Алматы қаласы бойынша
Қазынашылық департаментінің
Шарттарды тіркеу басқармасы басшысының м.а.



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Роза РАҚЫМҚЫЗЫ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Әсел ДАҒЖАН

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**
тел.: 232-36-54.

WEB-редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДҮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама және тарату
бөлімінің менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail:
dalemesh@vecher.kz

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ



Республикаға тарайтын
қоғамдық-саяси қалалық
басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
alatau-aqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет сейсенбі, бейсенбі,
сенбі күндері шығады.**
**Апталық
таралымы – 15 663**

**Кезекші редактор –
Ақтолық ТҰРЛЫҒАЗЫ**

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
және қоғамдық даму
министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№КЗ80VPY00026040
куәлігі 19.08.2020 жылы
берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында
теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама
беруші жауап береді.
Автордың мақалалары
редакция көзқарасын
білдірмейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.



COVID-19-ға қарсы вакцина алғаннан кейін ауыру қаупі бар ма?



Вакцинация - коронавирус инфекциясына қарсы жалғыз қорғаныш шарасы, аурудың ауыр түрлерін, асқыну қаупін азайтады.



Егер сіз екпе алғаннан кейін ауруды жұқтырғанның өзінде, ол жеңіл түрде, асқынусыз өтеді.

Есте сақтаңыз

Симптомсыз пациенттер инфекция көзі болып табылатынын есте сақтаңыз! Бетперде тағуды, әлеуметтік қашықтықты, қол гигиенасын және жөтелу этикетін сақтауды жалғастырыңыз.



ҚР Денсаулық сақтау министрлігі
МЕДИА-ОРТАЛЫҚ

COVID-19-ға қарсы вакцина алғаннан кейін иммунитет қашан қалыптасады?



Бірінші дозаны салғаннан кейін **12-14 күн ішінде** бірінші иммундық жауап қалыптасады

осы кезеңде барлық сақтық шараларын сақтау керек: **бетперде тағу, қол гигиенасын, жөтелу «этикеті» және әлеуметтік қашықтық**



тұрақты иммунитет **32-45 күннен кейін, ең көп дегенде 56 күннен кейін** қалыптасады



НАЦИОНАЛЬНЫЙ ЦЕНТР
ОБЩЕСТВЕННОГО
ЗДРАВООХРАНЕНИЯ

ҚР Денсаулық сақтау министрлігі
МЕДИА-ОРТАЛЫҚ

МУЗЫКА

ЖАҢА КОМПОЗИЦИЯҒА СҰРАНЫС ЖОҒАРЫ



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

4 қараша күні Димаш Құдайбергennің жаңа композицияларының бірі «Fly Away» танымал FM Kiryu жапон радиостанциясының эфирінде шырқалады. FM Kiryu эфирінде Димаштың әндерін ұсыну дәстүрге айналды. Димаштың танымал Screaming композициясы алғаш рет жапон радиостанциясында 2020 жыл-

дың 18 маусымында шырқалған болатын.

Алғашқы эфирден кейін жапон фан клубының жанкүйерлері бірден басқа композицияға сұраныс жасай бастаған. Бірнеше рет сұратқан. Осылайша 4 қарашада More Music бағдарламасында Димаштың әнінің 6-трансляциясы өтеді. Жаңа эфирде радио жүргізушілер әншінің «Fly Away», «Дайдидау» және «Golden» атты үш композициясын ротациялауды жоспарлап отыр.



ДИМАШТЫҢ ӘНІ – ҮЗДІК ЖИЫРМАЛЫҚТА

Қанат Айтбаев Димаш Құдайбергennің «Billboard Hot Trending Songs» чартында үздіктер қатарынан көрінгенін жеткізді.

«Сіздердің дауыс беріп қолдау көрсеткендеріңіз үшін айрықша алғысымды білдіргім келеді», – деп жазды әншінің әкесі өзінің Instagram әлеуметтік желісін-

дегі парақшасында қуанышымен бөлісіп.

Димаш орындайтын ән аталмыш чартта дәл қазір 19-орынға орналасыпты. Ал 18-орынға табан тіреген ұлыбританиялық әнші Adele бар болғаны 500 дауыс артық жинаған. Алдағы уақытта Димаштың рейтингі бұдан да жоғарылауы мүмкін.

ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ



Суретші, кескіндемеші және мүсінші Асқар Есдәулет әйелдернені шабыттандыруға қабілетті екенін көрсетті.

Esentai Gallery-де AYEL – «әйел» атты авторлық көрме ашылды. Мүсін, кескіндеме және графика техникасында 20-дан астам жұмыс ұсынылды.

– Әйелдің аты – әйел! – деп Асқар Есдәулет өз жұмысының тұжырымдамасы туралы айтқанда сәл қалжындап, мысқылдап, бірақ әйел бейнесін әрдайым таңқалдырып, асқақтата отырып көрсетті.

Автор әйел бейнесін мәдени, тұрмыстық аспектілер және өткенмен байланыс арқылы түсіндіруге ерекше назар аударады. Оның шығармаларында әйел көрерменнің алдында қасиетті бейнеде – ана бейнесінде, суретші мен көрерменді өзінің шығу тегімен байланыстырады.

– Мен «Үш рақым» атты картинамы жазуға бір жарым ай уақыт

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚТЫҢ ӘДЕМІ БӨЛІГІ

жұмсадым. Оны ойластыруға 20 жыл кетті. Шығарма арқылы әйелдің қаншалықты нәзік болатынын жеткізгім келді, – деп бөлісті көп қырлы суретші.

Суретші өткен мен қазіргі, ерлер мен әйелдер, өмір мен өлім, дәстүрлер мен қазіргі заман, ата-бабалар мен ұрпақтар туралы тақырыптардың тоғысында жұмыс істейді, адамның сезімін, эмоциясын жеткізудің формаларын іздейді, махаббат туралы айтады, пұтқа табынушылық, діни, дәстүрлі рәміздер мен бейнелерге сілтеме жасайды. Автордың еңбектері бүгінде жеке, жергілікті және халықаралық мұражайлардың коллекцияларынан орын алған.

ОНЛАЙН ЖҮГІРУ ЧЕЛЛЕНДЖІ

Алматылық көпбалалы әке, 31 жастағы Аманжол Әбиев қала тұрғындарын жаппай марафонға қатысуға шақырады. Ол екі аптаның ішінде 130 шақырым қашықтықты бағындырды. Әуесқой спортшы бұған дейін де бірнеше жарысқа қатысқан. Сондықтан челленджересіні қиналмай орындады.

Ол 3 жылдан бері тұрақты түрде жүгіреді. Оның өзін аяқастынан бастап кеткен. Кеңсе қызметкеріне артық салмақтан арылу оңайға соқпаған. Бірде поштасына марафон өтетіні туралы хабарлама келіп түседі. Ол дайындалып, жүгіріп көрмекке бекінеді. Сөйтіп, алғаш рет 2019 жылы өткен Алматы марафонына қатысып, 10 шақырымды бағындырады.


– Жаңа нәрсе бастағанда қиын болып көрінеді. Дененіңіздің барлығы ауырады. Сіз «мұнымен айналыспаймын, керегі жоқ!» деп ойлайсыз. Эндорфин деген гармон бар, сол бөлінеді. Өзіңе мақсат қойып, оған жеткенде қуанышқа кенелесің, – дейді спортшы.

Қазір ол жүгіруді өмір сүру салтына айналдырған. Тіпті, іссапарда жүрсе де жүгіруге уақыт табады екен. Қандай ауа райы болса да, жүгіріп қайтады. Бұл жолғы онлайн жарысқа да алғашқылардың бірі болып тіркелген.

– Әлеуметтік желіде бағдарлама бар. Сонда қанша шақырым жүгіргеніңізді қарап отырсаңыз болады. Көп адам үшін 100 шақырым үлкен қашықтық болып көрінуі мүмкін. Бірақ егер күнде, күнара 5 шақырым жүгіріп отырсаңыз, жеңіл орындауға болады. Бәрі өзіңіздің ынтаңызға байланысты, – дейді спортшы.

Оның спорт саласына еш қатысы жоқ, фармацевтика саласында жұмыс істейді. Бұған дейін 7 марафонға қатысып үлгерген оның алдағы жоспары ауқымды.

– Келесі жылға Тенгри ультра-ның 70 шақырым толық дистанциясын жүгіргім келеді. Ирбис рейс



деген бар. Ол тауда жүгіретін жарыс. Түркияда өтетін Кападокия деген жарыс бар. Сонда 63 шақырымды бағындырғым келеді, – деді әуесқой спортшы.

Челленджер қараша айының соңына дейін жалғасады. Қазірдің өзінде оған қатысушылар саны мыңнан асып кетті. Соның 300-ден астамы 100 шақырымды жүгіріп тастады. Жүлде қоры бір жарым млн.-ды құрайды. Дәрігерлердің айтуынша, жүгіру қартаюдан сақтайды. Тек күнделікті бір сағат жүгірудің өзі адам өмірін 7 сағатқа ұзартады екен.

Әзірлеген
Айкерім РАЙЫСҚЫЗЫ.